**Аннотация.** Мақала прокат өндірісінің дайын өнімі бетіндегі ақаулардың үлесін едәуір төмендетуге қабілетті іс-шараларды дамытудың қазіргі тенденцияларына арналған. Дайын өнімнің беткі ақауларының түрлерін талдай отырып, барлық ақаулардың 8,4% -ы болат балқытуда, қалғаны - илемдеу процесінде болатындығы анықталды: 44% -ке дейін ыстықтай илеу кезінде және 47,6% суықтай илемдеу кезінде түзіледі.

Осы типтегі беттік ақаулардың алдын алудың қарапайым әдістерінің бірі, көп жағдайда илемдеу жылдамдығын төмендету болып табылады, дегенмен, бұл диірмен өнімділігінің айтарлықтай төмендеуімен байланысты. Бұл мәселені шешудің тағы бір тәсілі - қысу режимдерін оңтайландыру.

**Түйін сөздер:** беттік ақаулар, ақаулардың шығуы, илемдеу, илемдеу, ыстық илемдеу, суық илемдеу.

---

---

**Раздел 2**

**Машиностроение.  
Технологические  
машины и транспорт**

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

МРНТИ 53.49.21

Ж.А. АШКЕЕВ<sup>1</sup>, М.Ж. АБИШКЕНОВ<sup>1</sup>, А.Х. САТЫБАЛДЫ<sup>1</sup>, Б.Б. РСАЛЫ<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау қ., Қазақстан

**МЕТАЛДЫ БЕРІКТЕНДІРУ МАҚСАТЫНДА КРИОГЕНДІ ӨНДЕУДІ  
 ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қысыммен өңдеу саласында қолданылатын негізгі материалдарды криогенді деформациялаудың ерекшеліктері қарастырылған. Болат, титан, алюминий, мыс қорытпаларын криодеформациялау нәтижесінде олардың құрылымдық ерекшеліктері мен механикалық қасиеттерінің өзгеруі талданған. Аталған бағыттағы соңғы зерттеулер көрсетілген. Наноөлшемді және ультраұсақ түйіршіктерді алуда криогенді өңдеудің артықшылықтары сипатталған. Негізгі криогенттердің бірі болып табылатын сұйық азоттың металл қасиеттеріне тигізетін әсері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** криогенді өңдеу, сұйық азот, криодеформация, беріктендіру, титан, болат, мыс, алюминий, құрылым, механикалық қасиеттер.

Қазіргі таңда қысыммен өңдеу арқылы алынатын өнімдердің механикалық қасиеттеріне, әсіресе беріктігіне қойылатын талаптар өте жоғары болып табылады. Сондықтан салыстырмалы түрде аз қаражат жұмсай отырып металды беріктендіретін әдіс-тәсілдерді зерттеу және әзірлеу мәселесі өзекті болып отыр.

Металдарды беріктендіру әдістерін шартты түрде 6 топқа бөлуге болады [1]: 1) металдың бетіне қабықша (пленка) түзу арқылы беріктендіру әдістері: химиялық реакция арқылы тұндыру (химиялық тотықтыру, никельдеу, сульфидтеу, кадмийлеу, фосфаттау, беріктендіретін майлаушы материал жағу, газ фазасынан тұндыру), электролиттік тұндыру (электролиттік хромдау, никельдеу, никельфосфаттау, борлау, борхромдау, хромфосфаттау), булардан қатты шөгінділерді тұндыру (электрұшқындық легірілеу, катодты-иодты бомбалау, қиын балқитын қосылыстарды тікелей электронды-сәулелі буландыру, реактивті электронды-сәулелі буландыру, электрохимиялық буландыру, термиялық буландыру), тозуға төзімді қосылыстарды бүрку (ұнтақты матаериалдарды плазмалық бүрку, детонациялық бүрку, электродоғалы бүрку, лазерлік бүрку); 2) металдың беттік қабатының химиялық құрамын өзгерту арқылы беріктендіру әдістері: диффузиялық қанықтыру (химиялық-термиялық нитрототықтыру, нитроцементация, цементация, карбонитрация, карбохромдау, азоттау, хромазоттау, хромтитандау, хромсилицийлеу, хромлитийлеу, борхромдау, борлау, циандау, сульфоциандау, диффузиялық хромдау, диффузиялық никельдеу, мырышсилицийлеу, қуаты әлсіз иондар шоғырымен легірілеу); 3) металдың беттік қабатының құрылымын өзгерту арқылы беріктендіру әдістері: физикалық-термиялық өңдеу (лазерлік шындау, плазмалық шындау), электрлік-физикалық өңдеу (электрлі-импульсті өңдеу, электрлі-контактілі өңдеу, электрлі-эрозиялы өңдеу, ультрадыбыстық өңдеу), механикалық өңдеу (дірілмен беріктендіру, фрикциялық беріктендіре өңдеу, бытыралы ағынмен өңдеу, жарылыспен өңдеу, термомеханикалық өңдеу, қысыммен өңдеудің кейбір үдерістері, редукциялау, термопластикалық өңдеу), легіріленген металдан балқымалау (газ жалынымен, электр доғасымен, плазмамен, лазер сәулесімен, иондар шоғырымен балқымалау); 4) металдың беттік қабатының энергетикалық қорын өзгерту арқылы беріктендіру әдістері: магнит өрісінде өңдеу (электроферромагнитті өңдеу, импульсті магнит өрісінде өңдеу); 5) металдың беттік қабатының кедір-бұдырлығын өзгерте отырып беріктендіру әдістері: электрлік-химиялық жалтырату (электролиттік ваннаға салу), кесумен өңдеу, беттік пластикалық деформациялау

## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»

(шлифтеу, суперфиништеу, жануыштау, бүрлеу, айналдыра бүрлеу); б) металдың барлық көлемінде құрылымын өзгерту арқылы беріктендіру әдістері: оң немесе жылы температураларда термиялық өңдеу (ашық, өтпелі, өтпелі емес, изотермиялық, өздігінен жасыту арқылы, жай суыта отырып, үздіксіз суыта отырып және біртіндеп шыңдау, жоғары және төменгі жасыту), криогенді өңдеу (суық және аса суық орталарда өңдеу, тирмоциклдеу).

Аталған әдістердің қолданылу аясы жасалатын бұйымның қолданылу аясына, қандай жүктемелерде жұмыс істейтіндігіне тәуелді. Алғашқы 5 әдіс негізінен металдың беттік қабаттарын ғана беріктендіреді, себебі металдан жасалатын бұйымдардың көпшілігінің беттік қабаты агрессивті орталарда жұмыс істейді. Соңғы 6-шы әдіс металдың беттік қабатын ғана емес, бүкіл көлеміндегі құрылымын өзгерте отырып беріктендіруге мүмкіндік береді. Әдістерді қолданар алдында бұйымның қандай мақсатта, қандай жерде қолданылатындығына және экономикалық тиімділігіне мән берген жөн, яғни әдісті таңдауді жан-жақты негіздеу қажет. Металлургияда, қысыммен өңдеуде және машина жасауда ең көп қолданылатын материал болатты криогенді өңдеудің ерекшеліктерін қарастырайық.

Шыңдалған болаттың құрылымында жеткілікті дәрежеде жұмсақ қалдық аустениттің белгілі бір мөлшері болады және бұл болаттың химиялық құрамы мен термиялық өңдеу режиміне байланысты. Осының нәтижесінде болаттың қаттылығы, беріктігі, жылу өткізгіштігі және магниттік қасиеттері төмендейді, тұтқырлығы артады, өлшемдері өзгереді, беттік сапасы нашарлайды. Бұларды болдырмау үшін қалдық аустениттің мөлшерін азайту немесе толықтай жою қажет. Бұл мақсатта көбінесе шыңдалған болатты жасыту операциясы жасалады, алайда көп жағдайда ол тиімсіз, себебі қалдық аустенит қажетті дәрежеге дейін толық ыдырамайды және мартенситпен ауыспайды. Шыңдалған болаттың құрылымын жақсарту, құрамындағы қалдық аустениттің мөлшерін азайту, сапасы мен беріктігін арттыру үшін криогенді өңдеуді (терең суытуды) қолдану неғұрлым оңтайлы шешім болып табылады.

Криогенді өңдеуді қолдану болаттың механикалық қасиеттерін және болаттан (оның ішінде тез кескіш болаттардан) жасалатын құралдардың кескіштік қасиеттерін жақсартады, олардың тозуға төзімділігі мен қаттылығын жоғарылатады, сондай-ақ жоғары көміртекті және легіріленген конструкциялық болаттардан жасалатын бақылау-өлшеу құралдарының, штамптар мен пресс-қалыптардың, пресс-матрицалардың тозуға төзімділігін де жақсартады.

Болатты криогенді өңдеуді қолдану тиімділігін бағамдау үшін келесі факторларды ескеру қажет [1]:

- шыңдалған болатты қайтадан суыту егер осы кезде шыңдау кезіндегіден төмен температуралар болмаса болаттың қасиеттерін жақсартпайды;
- суық температурада болатты ұстап тұру уақытының ұзақтығы өңдеу нәтижелеріне әсер етпейді;
- криогенді температуралар құрамындағы қалдық аустениттің мөлшері жоғары болатын болаттарда (жоғары көміртекті және легіріленген болаттарда, және мұнда көміртекті болаттарға қарағанда легіріленген болаттарда қалдық аустенит мөлшері көп болатындығын ескерген жөн) барынша жақсы құрылымдық өзгерістер туғызады;
- аустенитті-мартенситті түрленулер нәтижесінде бөлшек өлшемдерінің өзгеру заңдылықтарын алдыңғы термиялық өңдеу режимдері мен бөлшек конфигурациясына байланысты тәжірибе жолымен болаттың нақты химиялық құрамы үшін анықтаған дұрыс;
- массасы бірқалыпты емес үлестірілетін, аса күрделі пішінге ие бөлшектерді криогенді өңдеуде шыңдағаннан кейін шыңдау кернеулерін алып тастау мақсатында бірден жасытқан жөн;
- шыңдаудан соң болаттарды нөлден төмен градустарда суыту кернеулерді көбейтеді және жарықшақтардың түзілу қаупін тудырады;
- криогенді өңдеу қалдық аустениттің ыдырауы барысында құрылымдық құраушылар (аустенит, мартенсит) көлемінің ұлғаюына әкеліп соқтырады.

## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»

Қалдық аустениттің ыдырауы және оның мартенситке түрленуі белгілі бір температуралар аралығында орын алады: құрамында  $0 \div 0,3\%$  көміртегі бар болаттарда мартенситтік түрлену сәйкесінше басталатын ( $M_6$ ) және аяқталатын ( $M_a$ ) температуралар  $350^\circ\text{C}$  және  $200^\circ\text{C}$ , құрамында  $0,3 \div 1,17\%$  көміртегі бар болаттарда  $180^\circ\text{C}$  және  $-140^\circ\text{C}$  [1].

Егер шыңдау төмен температураларда іске асырылса, онда аустенит оттегімен аз қанығады, оның мартенситке түрленуі нөлден төмен температурада толығымен аяқталады және суыту қосымша аустениттік түрленулерді тудырмайды. Шыңдауды жоғары температураларда іске асыру көміртегі мен легірлеуші элементтерінің концентрациясы жоғары аустениттің түзілуіне әкеліп соқтырады. Жоғары температурада шыңдалған болаттарды одан әрі нөлден төмен температураларда суыту кезінде аустениттің әрі қарай мартенситке түрленуі жүзеге асады. Бұл үрдіс мартенситтік түрлену аяқталатын температураға жеткенше жалғасады. Аустениттің мартенситке түрленуі басталатын және аяқталатын температуралар шекаралары болаттың химиялық құрамына, ондағы легірлеуші элементтердің мөлшеріне айтарлықтай дәрежеде тәуелді болады.

Болаттардың қасиеттеріне криогенді өңдеудің тигізетін әсері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте. Болаттардың қасиеттеріне криогенді өңдеудің тигізетін әсері [1]

Болат маркасы	Мартенситтік түрлену нүктелері, $^\circ\text{C}$		Аустенит мөлшері, %		Криогенді өңдеуден кейінгі қаттылықтың (HRC) өсімі
	$M_6$	$M_a$	криогенді өңдеуге дейінгі	криогенді өңдеуден кейінгі	
У7	300-250	-50	3-5	1,0	0,5
У8	250-225	-55	4-8	1-6	1,0
У9	225-210	-55	5-12	3-10	1-1,5
У10	210-175	-60	6-18	4-12	1,5-3
У12	175-160	-70	10-20	5-14	3-4
9ХС	210-185	-60	6-17	4-17	1,5-2,5
Х	180-145	-90	9-28	4-17	3-6
ХВГ	155-120	-110	13-45	2-17	5-10

Мартенситтік түрлену аяқталатын температурадан ( $M_a$ ) төмен температураларға суыту аустениттің әрі қарай да мартенситке түрленуін жалғастырмайды. Болат құрамында көміртегі мен легірлеуші элементтер неғұрлым көп болған сайын шыңдау температурасы да соғұрлым көп жоғарылай береді, шыңдалған болаттағы қалдық аустениттің мөлшері де жоғарылай түседі, яғни бұдан шығатыны мартенситтік түрлену басталатын  $M_6$  және аяқталатын  $M_a$  температуралар соғұрлым төмендейді (1 кестеге қараңыз). Қалдық аустениттің мөлшеріне мартенситтік түрлену жүретін температуралар аралығында болатты суыту жылдамдығы да әсер етеді. Суыту жылдамдығы төмендеген сайын қалдық аустенит мөлшері де ұлғаяды, себебі аустениттің негізгі бөлігі мартенситке түрленіп үлгермейді де аустенит күйінде қалып қояды. Сондықтан бірқатар болат маркаларында аустениттің барлығы мартенситке түрленбейді де криогенді өңдеудің тиімділігі нашар болады. Аустениттің белгілі бір мөлшері тұрақтанады, әрі тұрақтанған аустенит мөлшері көп болған сайын шыңдау температурасы да соғұрлым жоғары болады және мартенситтік түрлену температурасы керісінше соғұрлым төмен болады. Шыңдалған болатты қалыпты температурада ұстап тұру қалдық аустенитті тұрақтандырады. Мұндай болаттарды одан әрі суытқанда мартенситтік түрлену бірден басталмайды, ондаған


## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»

градустарға циклдік гистерезис орындалған соң ғана басталады. Шыңдау мен криогенді өңдеу арасындағы үзіліс шамасы аустениттің тұрақтану дәрежесіне әсерін тигізеді [1].

Аустениттің тұрақтану температурасы ( $M_T$ ) болат маркасына тәуелді.  $M_T$  температурасынан асып кететін температураларда аустенит тұрақтанбайды. Егер  $M_T$  температурасы  $20^\circ\text{C}$ -тан төмен болса, онда шыңдау мен криогенді өңдеу арасында кез-келген ұзақтықтағы уақыт аралығы болуы мүмкін. Температуралық шкалада  $M_T$  нүктесі неғұрлым жоғарыда тұрған сайын шыңдаудан кейінгі ұстап тұрудың тұрақтандырушы әсері де соғұрлым жоғары болады. Дәлдігі жоғары технологиялық жабдықтамалардың өлшемдерін тұрақтандыру  $120-150^\circ\text{C}$ -қа дейін ұзақ қыздыру арқылы орындалатын ескірту деп аталатын косымша термиялық өңдеуді қолданумен іске асырылады.


Криогенді өңдеуді болат ұңғылағыштар, жоңғылау блоктары, тартажоңғыштар мен тескіштер, тегіс және бұрандалы калибрлер (қапсырмалар, тығындар, сақиналар, шаблондар), шеткі ұзындық өлшеуіштер, бекіту өлшеуіштері, штамптар мен пресс-қалыптардың бөлшектері, станок жабдықтамаларының бағыттаушы және бекітуші бөлшектері, бақылау және бекіту құраулары және т.б. үшін қолданған тиімді.

Криогенді температураларда немесе криотемператураларда әртүрлі болаттарды термиялық өңдеу режимдерінің графигі 1 суретте көрсетілген.



1 сурет – Криотемператураларда болаттарды термиялық өңдеу режимдерінің графигі [1]: *а* – тез кескіш болаттар; *б* – шарикті мойынтірек жасалатын болаттар; *в* – легірленген цементацияланған болаттар; *г* – құралдық болаттар; 1 – бастапқы қыздыру; 2 – майда шыңдау; 3 – шыңдау температураларының аралығы; 4 – криотемператураларда өңдеу; 5 – жасыту температураларының аралығы; 6 – суыту

Қалыпты суық температуралар, яғни  $-70^\circ\text{C}$ -қа дейінгі температуралар алу көздеріне аммиакты және фреонды қондырғылар,  $-135^\circ\text{C}$ -қа дейінгі криотемпературалар алу көздеріне криогенді қондырғылар мен криогенді аппараттар (2 сурет) жатады. Криогенттер (криогенді заттар) ретінде негізінен қатты көмірқышқыл газы немесе құрғақ мұз ( $-78,5^\circ\text{C}$ ), сұйық азот ( $-195,8^\circ\text{C}$ ), сұйық оттегі ( $-183^\circ\text{C}$ ), аммиак ( $-33,5^\circ\text{C}$ ), хлорлы метил ( $-23,7^\circ\text{C}$ ), фреон ( $-29,4^\circ\text{C}$ ), этилен ( $-105,2^\circ\text{C}$ ), метан ( $-161,5^\circ\text{C}$ ), көмір қышқылының хлорлы метилмен ( $-82^\circ\text{C}$ ), хлороформмен ( $-77^\circ\text{C}$ ), этил эфирімен ( $-77^\circ\text{C}$ ), үшхлорлы фосформен ( $-76^\circ\text{C}$ ), этил спиртмен ( $-72^\circ\text{C}$ ), хлорлы этилмен ( $-60^\circ\text{C}$ ), ацетонмен ( $-78^\circ\text{C}$ ) араластырылған қоспалары қолданылады. Мұнда жақша ішінде криогенттердің атмосфералық қысымдағы қайнау температуралары көрсетілген.

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

2 сурет – Сұйық ваннасы бар криогенді аппарат [1]: 1 – дәнекерлеу жолыен әзірленген бак; 2 – контейнер; 3 – жылу окшаулағыш; 4 – өнделетін бөлшектер орналасатын торша; 5 – қақпақ; 6 – булану құбыры

Криогенді қондырғылар мен аппараттарда, суыту камераларында криогенді температураларды өлшеу үшін спиртті термометрлер, қашықтықтан өлшегіштер, унификацияландырылған электрлі термометрлер, электрондық автоматты теңдестіруші көпірлер қолданылады.

Криогенді температураларда металдарды пластикалық деформациялау арқылы өндеуді жалпы атпен криодеформация деп атау қабылданған. Қысыммен өндеудің жекелеген үрдістеріне байланысты криотаптау, криосығымдау, криосозу, криопрестеу секілді атаулар да кездеседі.

Сұйық азот температураларында қарқынды деформациялау жолымен көлемді нанокристалды металл материалдарын алу бағытында жасалған соңғы зерттеулер беріктік пен пластикалық қасиеттердің онтайлы үйлесімін қалыптастыра алатын жаңа құрылымдық күйлерді алудағы аталған өндеудің тиімді екендігін көрсетіп отыр. Сұйық азотты қолдану арқылы криодеформациялық беріктендірудің басты артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады [2]:


- дәстүрлі қарқынды пластикалық деформациялау әдістерімен салыстырғанда пластикалық деформациялауды аз дәрежеде беру арқылы сапалы дайындамалар алу;
- энергияның айтарлықтай дәрежеде жинақтау және қайту мен қайта кристалдану үрдістерін бәсеңдету нәтижесінде түйіршікті құрылымды неғұрлым тиімді ұсақтау;
- кристалдық торының симметриясы төмен металдар (мысалы, титан) үшін қосарлану немесе сығарлану механизмдерінің белсенділендірілуі (бастапқы ғана емес, одан кейінгі екінші ретті және үшінші ретті қосарлану немесе сығарланудың болуына байланысты) себебінен металл түйіршіктерінің қосымша фрагментациялануы;
- деформациялық беріктену жылдамдығының жоғары болуы.

Алюминий және алюминий қорытпаларын сұйық азот температураларында криодеформациялау кезіндегі механикалық қасиеттері мен құрылымы туралы соңғы зерттеулердің бірсыпырасы [3-6] жұмыстарда сипатталған.

Техникалық алюминий 10-20 мин сұйық азотқа салынып ұсталған соң криодеформациялаудан өтеді. Түйіршіктерінің бастапқы өлшемі 100-120 мкм шамасында, ал криодеформациядан соң (деформациялану дәрежесі  $\varepsilon = 0,7-0,75$ ) өлшемдері 0,1-0,5 мкм аралығындағы субтүйіршіктер қалыптасады. Одан әрі термиялық өндеуден өткен соң 250-400 нм өлшемде түйіршіктер алынады.

## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»


Деформациялау дәрежесіне байланысты беріктік сипаттамалары мен ұзарудың өзгерісі 3 суретте көрсетілген.



3 сурет – Алюминийдің механикалық сипаттамаларының криодеформация дәрежесіне тәуелділігі [2]: 1 – ұзару; 2 – аққыштық шегі; 3 – беріктік шегі

Техникалық алюминиймен салыстырғанда легіріленген алюминий қорытпаларында күрделі құрылымдық өзгерістер орын алады. Бұл ретте [3] жұмыстағы 2024 маркалы алюминий қорытпасының (Д16 аналогы) криодеформациясын қарастырайық. Мұнда ыстықтай престелген дайындамадан қалыңдығы 5 мм пластиналар кесіліп алынып  $\varepsilon = 2$  деформациямен сұйық азот температурасында криотаптаудан өткен, одан соң сәйкесінше 20°C температурада 144 сағат және 100-190°C температурада 48 сағат табиғи және жасанды ескіртуден өткен.

Қорытпаның деформациядан кейінгі құрылымы 4 суретте көрсетілген.



4 сурет – 2024 маркалы алюминий қорытпасының құрылымы [3]: а – үлгінің бойлық қимасындағы құрылымы; б – үлгінің көлденең қимасындағы құрылымы

Үлгінің аққыштық шегі 590 МПа, беріктік шегі 640 МПа, салыстырмалы ұзаруы 59% құрады. Мұнымен қоса үлгінің коррозияға төзімділігі мен жарықшақтар тұзуге қарсыласуы жоғары екендігі анықталды. Криодеформациядан кейінгі термиялық өңдеу (жасанды ескірту)


## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»

нано- және субтүйіршіктердің аралас қоспасы түріндегі құрылымның түзілуіне жағдай жасайды. Криогенді өңдеу бөлме температурасында күшті болатын динамикалық қайту үрдісін бәсеңдетеді де түйіршіктердің ұсақталуына жағдай жасайды. Динамикалық қайту үрдістерінің бәсеңдеуіне дислокациялар қозғалысының шектелуі әсер етеді және осы арқылы беріктік шегі де ұлғаяды. Пластикалық және беріктік шектерінің оңтайлы үйлесімділігіне қол жеткізу үшін деформациядан кейін термиялық өңдеу жасау қажет. Бұл тұрғыда болаттардағы секілді криодеформациялаудың тиімділігіне алюминий қорытпаларының химиялық құрамы әсер ететіндігін есте ұстау қажет.

Криодеформация тұрғысынан қызығушылық тудырып отырған тағы бір материал – титан және титан қорытпалары [7-10]. Қарқынды пластикалық деформациялау әдістерін қолданып нанокристалды құрылымға ие титан қорытпаларын алу өте қиын болғандықтан криодеформациямен бірлесе қолдану тиімдірек.

[8] жұмыста әртүрлі деформация дәрежесінде криоберіктендірілген ВТ1-0 маркалы техникалық титанның микромеханикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Бастапқы дайындамалар сұйық азот температурасына жақын температураларда криотапталған. Нәтижесінде бастапқы түйіршіктерінің орташа өлшемі 10 мкм-ден 35 нм-ге дейін ұсақталған. Зерттеу нәтижелері наноөлшемдер диапазонында түйіршіктер өлшемдерінің дисперсиясының өсуі микроқаттылықтың өсуімен қатар жүретіндігі анықталды. Авторлар бұның қолда бар әдебиеттік деректермен сәйкес келмейтіндігін айта отырып әрі қарай зерттеу қажеттілігін алға тартады. Жұмыста авторлар әртүрлі Холл-Петч коэффициенттерін және аппроксимация әдістерін қолдана отырып титанның микроқаттылығының түйіршік өлшемдеріне тәуелділігін сипаттаған. Қатталыққа температураның тигізетін әсері де зерттелген.

Криодеформациядан кейінгі титан құрылымының өзгерісіне мысал ретінде 5 суретті келтіруге болады.



5 сурет – Шағылдырылған электрондар дифракциясы әдісімен алынған ВТ1-0 титанының құрылымы [9]: *a* – бастапқы дайындаманың құрылымы; *б* –  $\varepsilon = 10\%$  криодеформациядан кейінгі құрылымы; *в* –  $\varepsilon = 30\%$  криодеформациядан кейінгі құрылымы; *г* –  $\varepsilon = 60\%$  криодеформациядан кейінгі құрылымы; *д* –  $\varepsilon = 93\%$  криодеформациядан кейінгі құрылымы

## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»

Титан және титан қорытпаларын криодеформациялау түйіршіктердің наноөлшемдерге дейін өте күшті фрагментациялануына алып келеді. Наноөлшемдерге дейін ұсақталу нәтижесінде титанның аққыштық шегі 2,5-3 есе ұлғаяды (850 МПа дейін), ал беріктік шегі 930-950 МПа дейін артады.

Титан қорытпаларын криодеформациялауды бастапқы дайындамаларды белгілі бір уақытқа сұйық азоттың ішіне салып алып деформациялау арқылы немесе дайындамаларды да, өңдеуші құралдарды да (мысалы, пресс-қалыптарды) сұйық азотқа салу арқылы іске асыруға болады.

Мыс және мыс қорытпалары қаптау ақауларының энергиясының орташа мәндерімен ерекшеленеді. Сондықтан криогенді температураларда олардың механикалық қасиеттері мен құрылымдарын зерттеу қызығушылық тудырып отыр. Титан мен алюминийге қарағанда қарқынды пластикалық деформациялау әдістерімен (криодеформацияны қолданбай) наноөлшемді мыс үлгілерін алу мүмкін емес десе де болады. Сондықтан наноөлшемді немесе ультраұсақ түйіршікті мыс және мыс қорытпаларының үлгілерін алу бағытында зерттеулер өзектілігі жоғары [11-14]. Мысалы, [12] жұмыста техникалық таза мыс дайындама криотаптаудан өткізілген. Криодеформация алдында микроқұрылымын гомогенизациялау мақсатында мыс 850°C температурада жасатылған. Көлденең қимасының өлшемдері 25×5 мм бастапқы дайындамалар сұйық азотқа салынғаннан кейін криотаптаудан өткен. Криотаптау мен бөлме температурасында бірдей өлшемді дайындамалар тапталып салыстырылған. Микроқұрылымның ұсақталуы мен механикалық қасиеттерінің жақсаруы байқалған.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Евдокимов В.Д., Клименко Л.П., Евдокимова А.Н. Технология упрочнения машиностроительных материалов. – Одесса Николаев: Изд-во НГТУ им. Петра Могилы, 2005. – 352 с.
- 2 Васильев М.А., Волошко С.М., Яценко Л.Ф. Микроструктура и механические свойства металлов и сплавов, деформированных в жидком азоте (обзор) // Успехи физики металлов. – Киев, 2012. – № 13. – С. 303-343.
- 3 Krymskiy S., Sitdikov O., Avtokratova E., Markushev M. 2024 aluminum alloy ultrahigh-strength sheet due to two-level nanostructuring under cryorolling and heat treatment // Transactions of Nonferrous Metals Society of China, 2020. – № 30. – pp. 14-26.
- 4 Blessto B., Sivaprasad K., Muthupandi V., Senthil P., Arumugam M. Analysis of heat treatment response for cryorolled AA2219 alloy // Transactions of the Indian Institute of Metals, 2019. – № 72. – pp. 1881-1900.
- 5 Yu H., Lu C., Tieu K., Liu X., Sun Y., YU, Q. & Kong C. Asymmetric cryorolling for fabrication of nanostructural aluminum sheets // Scientific Reports, 2012. – № 2. – pp. 1-5.
- 6 Corrosion behavior of ultrafine-grained AA2024 aluminum alloy produced by cryorolling // International Journal of Minerals, Metallurgy, and Materials, 2017. – № 24. – pp. 1293-1305.
- 7 Fomenko L.S., Rusakova A.V., Lubenets S.V., and Moskalenko V.A. Micromechanical properties of nanocrystalline titanium obtained by cryorolling // Low Temperature Physics, 2010. – № 36. – pp. 809-818.
- 8 Rusakova A.V., Lubenets S.V., Fomenko L.S., Moskalenko V.A., and Smirnov A.R. Micromechanical properties of VT1-0 titanium cryorolled to various degrees of strain // Low Temperature Physics, 2015. – № 41. – pp. 835-847.
- 9 D'yakonov G.S., Zherebtsov S.V., Klimova M.V., and Salishchev G.A. Microstructure evolution of commercial purity titanium during cryorolling // The Physics of Metals and Metallography, 2015. – № 2 (116). – pp. 182-188.

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

10 X. Song, J. Luo, J. Zhang, L. Zhuang, Y. Qiao. Sequential {1122} twinning associated with primary {1124} twins in commercial-purity titanium subjected to cryorolling // *Materials Characterization*, 2019. – № 158. – pp. 1-38.

11 Afifeh M., Hosseinipour S.J., Jamaati R. Nanostructured copper matrix composite with extraordinary strength and high electrical conductivity produced by asymmetric cryorolling // *Materials Science & Engineering A*, 2019.– № 763, 138146.

12 Kumar R., Manik, Singh B, and Gill J.S. Enhancement of mechanical properties of bulk copper processed by room temperature rolling and cryorolling // *Indian Journal of Science and Technology*, 2018. – № 11 (28). – pp. 1-6.

13 Konkova T., Mironov S., Korznikov A., Semiatin S.L. On the room-temperature annealing of cryogenically rolled copper // *Materials Science & Engineering A*, 2011. – № 528. – pp. 7432–7443.

14 Konkova T.N., Mironov S. Yu., Korznikov A.V., and Myshlyaev M.M. Formation of the microstructure in the course of lowtemperature annealing of cryogenically deformed copper // *Doklady Physics*, 2013. – № 58. – pp. 240–243.

Ж.А. Ашкеев, М.Ж. Абишкенов, А.Х. Сатыбалды, Б.Б. Рсалы

**Особенности применения криогенной обработки при упрочнении металлов**

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности криогенной деформации основных материалов, применяемых при обработке давлением. Проанализированы структурные особенности и изменения механических свойств стали, титановых, алюминиевых, медных сплавов после криодеформации. Показаны новейшие исследования в данной области. Рассмотрены преимущества криогенной обработки для получения наноразмерных и ультрамелкозернистых структур. Описано влияние на свойства металлов одного из главных криогентов – жидкого азота.

**Ключевые слова:** криогенная обработка, жидкий азот, криодеформация, упрочнение, титан, сталь, медь, алюминий, микроструктура, механические свойства.

Zh.A. Ashkeyev, M.Zh. Abishkenov, A.Kh. Satybaldy, B.B. Rsaly

**Features of the application of cryogenic treatment for strengthening metals**

**Annotation.** The article discusses the features of cryogenic deformation of the basic materials used in pressure treatment. The structural features and changes in the mechanical properties of steel, titanium, aluminum, copper alloys after cryodeformation are analyzed. The latest research in this area is shown. The advantages of cryogenic treatment for obtaining nanosized and ultrafine-grained structures are considered. The influence of one of the main cryogens, liquid nitrogen, on the properties of metals is described.

**Key words:** cryogenic treatment, liquid nitrogen, cryodeformation, hardening, titanium, steel, copper, aluminum, microstructure, mechanical properties.

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

МРНТИ 55.51.33

К.А. НОГАЕВ<sup>1</sup>, РИ АД ТАХА АЛЬ-КАСАСБЕХ<sup>2</sup>, А.А. АЙКЕЕВА<sup>1</sup>,  
С.Ж. КЫДЫРБАЕВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Карагандинский индустриальный университет, г. Темиртау, Казахстан

<sup>2</sup>Прикладной университет Аль-Балки, Амман, Иордания

**КОМПЬЮТЕРНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ДИНАМИЧЕСКИХ ВОЗДЕЙСТВИЙ НА  
ТЯГОВЫЙ ОРГАН ЦЕПНОГО КОНВЕЙЕРА ПРИ ИСКЛЮЧЕНИИ ЖЕСТКОЙ СВЯЗИ  
ПРИВОДНОГО УЗЛА С ФУНДАМЕНТОМ**

**Аннотация.** В статье рассмотрено компьютерное моделирование динамических воздействий на тяговый орган цепного конвейера при исключении жесткой связи приводного узла с фундаментом. По результатам моделирования установлено, что использование рассматриваемого технического решения позволит снизить усталостный износ элементов цепного тягового органа, вызываемый периодическими кинематическими импульсами, и повысить их выносливость.

**Ключевые слова:** Конвейер, цепь, нагрузка, привод, зацепление, моделирование.

В настоящее время начинает четко просматриваться тенденция на увеличение скорости движения цепного тягового органа и повышение, благодаря этому, производительности конвейеров. Однако, главным препятствием на пути повышения скорости цепного тягового органа являются динамические нагрузки, обусловленные кинематикой зацепления, так как при этом кинематические импульсы действуют с периодической вынужденной частотой, что ускоряет износ, вызывает усталостные разрушения элементов конвейера [1,2]. В связи с этим, разработка и исследования новых способов снижения динамических нагрузок в конвейерах с цепным тяговым органом, вызванных кинематикой зацепления, являются актуальными [3].

В работе [4] предлагается снижение динамических нагрузок на цепной тяговый контур за счет исключения жесткой связи приводного узла с фундаментом. Такое решение реализовано в конструкции цепного конвейера (рисунок 1), который содержит замкнутый на приводной 1 и концевой (не показана) звездочках цепной тяговый контур 2, состоящих из двигателя 3, соединительной муфты 4 и редуктора 5 приводных блока, кинематически связанные с приводной звездочкой 1, неподвижную раму 6 для приводных блоков и приводной звездочки 1. Приводные блоки, состоящие из элементов 3, 4 и 5, и приводная звездочка 1 установлены на дополнительной раме 7 с возможностью ее смещения параллельно продольной оси 8 конвейера относительно направляющих неподвижной рамы 6. Дополнительная рама 7 подпружинена спиральными пружинами сжатия 9 к упору 10 неподвижной рамы 6 со стороны концевой звездочки конвейера. Упор 10 установлен на неподвижной раме 6 с возможностью смещения упора 10 вдоль продольной оси 8 конвейера и его фиксации. С противоположной стороны дополнительная рама 7 ограничена закрепленным на неподвижной раме 6 ограничителем 11.

В работе [4] утверждается, что при циклическом колебании окружной скорости, сообщаемой от приводной звездочки 1 тяговому контуру 2, за счет уменьшения его скорости при набегании звеньев на зубья приводной звездочки 1 и увеличения скорости тягового контура 2 при проходе его звеньев между смежными зубьями приводной звездочки происходит выравнивание поступательной скорости движения тягового контура 2 и практически устранение его колебаний. При этом первоначальные параметры, характеризующие положение дополнительной рамы 7 с приводными блоками и приводной

## Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»

звездочкой 1 и рабочие усилия пружин сжатия 9, регулируются при монтаже привода конвейера в соответствии с его характеристиками с помощью закрепления упора 10 в требуемом положении на неподвижной раме 6 конвейера. Установление дополнительной рамы 7 на неподвижной раме 6 через опор скользящих упрощает конструкцию привода конвейера, а применение катковых опор 12 повышает долговечность дополнительной рамы 7.




Рисунок 1 – Схема исключения жесткой связи приводного узла пластинчатого конвейера с фундаментом

Для проверки эффективности вышеописанного способа проводили компьютерное моделирование работы пластинчатого конвейера с новой конструкцией приводного узла. Компьютерное моделирование осуществляли в программном комплексе Autodesk Inventor по методике, рассмотренной в работах [5,6,7,8]. При этом использована электронная геометрическая модель из работы [7,8], на которую добавили элемент неподвижной опоры, имеющий упругую связь с приводным узлом (рисунок 2). Для исключения жесткой связи приводного узла с фундаментом в модуле «Динамическое моделирование» программы Autodesk Inventor между подвижной опорой ведущей звездочки и элементом неподвижной опоры задали стандартную кинематическую пару «Призматический», с добавлением силового соединения «Пружина/амортизатор/домкрат».

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**




Рисунок 2 – Электронная геометрической модель узла зацепления конвейера с цепным тяговым органом при исключении жесткой связи приводного узла с фундаментом

Результаты компьютерного моделирования показывают, что переменное натяжение цепного тягового органа, обусловленное кинематикой зацепления, приводит к колебательному смещению опоры приводной звездочки относительно неподвижной опоры из-за соответствующего изменения длины пружины между ними (рисунок 3). При этом увеличивается период и уменьшается амплитуда знакопеременного изменения ускорения элементов цепного тягового органа по сравнению с конвейером с жесткой связью приводного узла с фундаментом (рисунок 4), что приводит к снижению их динамической нагруженности.

Таким образом, в ходе компьютерного моделирования установлено, что исключение жесткой связи приводного узла с фундаментом может снизить усталостный износ элементов цепного тягового органа, вызываемый периодическими кинематическими импульсами, и повысить их выносливость.

Рассмотренный метод компьютерного моделирования средствами Autodesk Inventor позволяет получить достаточно точные характеристики неравномерного движения тягового органа цепного конвейера, которые могут быть использованы для исследования динамического воздействия на конструктивные элементы. В целом компьютерное моделирование динамических воздействий на тяговый орган цепного конвейера позволяет осуществлять расчет цепных конвейеров с учетом их реального нагружения, определять пути снижения нагрузок и повышения эффективности транспортирующих машин.

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**





Рисунок 3 – Изменение длины пружины между подвижной и неподвижной опорами



1 – с жесткой связью приводного узла с фундаментом; 2 – с упругой связью приводного узла с фундаментом

Рисунок 4 – Изменение ускорений в элементах тягового органа цепного конвейера

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

- 1 Вайнсон А. А. Подъемно-транспортные машины. - М.: Машиностроение, 1989. - 536 с.
- 2 Зенков Р.Л., Ивашков И.И., Колобов Л.Н. Машины непрерывного транспорта. - М.: Машиностроение, 1987. - 432 с.
- 3 Василега П.А. Разработка и исследование привода с уравнительным механизмом для конвейеров с цепным тяговым органом: специальность 05.05.05 «Подъемно-транспортные

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

машины»: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата технических наук / Одесский институт инженеров морского транспорта. - Одесса, 1993. – 22 с.

4 Патент на изобретение №:2437820. Скребокый конвейер. Тарасов Ю.Д. 27.12.2011.

5 Злобин А. Моделирование динамической работы механизмов. // Рациональное Управление Предприятием. – 2007. – №1 – С.26-27.

6 Ногаев К.А., Кыдырбаева С.Ж., Сарсенбай А.Е. О моделировании динамической работы механизма // Интернаука - 2019, №19, часть 2. - С.68-71.

7 К.А. Ногаев, С.Ж. Кыдырбаева. Компьютерное моделирование динамических воздействий на тяговый орган цепного конвейера // Труды X Международной научно-практической конференции «Конкурентоспособность нации - основное условие повышения благосостояния народа» - Темиртау, 29-30 ноября 2018 г. С.26-30.

8 Ногаев К.А., Кунаев В.А., Кыдырбаева С.Ж. Computer engineering analysis of dynamic impacts on the traction body of chain conveyer // Вестник Карагандинского государственного индустриального университета. - 2019, №1. - С.50-53.

K.A. Nogayev, Riad Taha Al-Kasasbeh, A. A. Aikeyev, S.Zh. Kydyrbaeva

**Computer simulation of dynamic effects on the traction body of a chain conveyer, excluding the rigid connection of the drive unit with the Foundation**

**Abstract.** The article deals with computer modeling of dynamic effects on the traction body of a chain conveyer, excluding the rigid connection of the drive unit with the Foundation. Based on the simulation results, it is established that the use of the considered technical solution will reduce the fatigue wear of the chain traction body elements caused by periodic kinematic pulses, and increase their endurance.

**Keyword:** Conveyer, chain, load, drive, engagement, simulation

К.А. Ногаев, Риад Таха Аль-Касасбех, А.А. Айкеева, С.Ж. Кыдырбаева

**Шынжырлы конвейердің тарту органына динамикалық әсерлерді фундамент пен жетекші түйін арасындағы қатаң байланысты алып тастағанда компьютерлік моделдеу**

**Аңдатпа:** Мақалада шынжырлы конвейердің тарту органына динамикалық әсерлерді фундамент пен жетекші түйін арасындағы қатаң байланысты алып тастағанда моделдеу қарастырылған. Моделдеу нәтижелері бойынша қарастырылған техникалық шешімді қолдану шынжырлы тарту органының қайталанбалы кинематикалық импульстер туғызатын қажулық тозуын азайтуға және олардың төзімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

**Түйін сөздер:** Конвейер, шынжыр, жүктеме, жетек, ілініс, моделдеу.

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

МРНТИ 55.53.03

Е.С. БЕСТЕМБЕК<sup>1</sup>, Г.Д. ИСАБЕКОВА<sup>1</sup><sup>1</sup>Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау қ, Қазақстан**ЖЕТЕГІ ЖОҒАРДА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АЙНАЛМАЛЫ ЖҰМЫС ОРГАНЫМЕН МҰЗ БОЛЫП ҚАТЫП ҚАЛҒАН ЖЕРДІ КЕСУДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ**

**Андатпа.** Мақалада айналмалы жұмыс органы мұз болып қатқан жерді кесудің математикалық моделі қарастырылады. Топырақтың бұзылуын тудыратын үш кескіштің әрекетін біріктіретін орташа кескіш моделі ұсынылған. Математикалық модельді талдау негізінде айналмалы кесудің негізгі параметрлерін анықтайтын тәуелділіктер анықталды: жұмыс органының ортаға түсу күші, тарту күші және айналлу сәтімен. Математикалық модельді талдау топырақтың физика-механикалық қасиеттеріне мен кескіштің дизайнына байланысты фрезерлік жұмыс органының тереңдеуі (берілуі) және айналуы кезінде топырақтың кесу кедергісі меншікті күштерін енгізуге мүмкіндік берді. Жұмыс органының қозғалыс кинематикасын талдау беру жылдамдығының, бұрыштық жылдамдықтың және кетілген жер жоңқасының қалыңдығының байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

**Түйінді сөздер:** қатып қалған жер, айналмалы жұмыс органы, кескіш, беріліс күші, тарту күші, айналу моменті, кертiген жер жоңқасының қалыңдығы, жер күштерінің кедергісі.

Мұз болып қатып қалған жерді қазу ауыр энергиясымды процесс болып табылады. Біздің еліміздің солтүстік аймақтарының географиялық орналасуы, мұз болып қатқан жердің едәуір тереңдігі (2 м дейін) құрылыс өндірісін қарқындету және қыста жер жұмыстарын жүргізу қажеттілігін тудырады. Мұз болып қатқан жерге саңылаулар қазу үшін, жарықшақтың көлемінен асатын жер көлемін жылытып еріту әдістерін қолдану тиімсіз, өйткені жердегі бұл ойықтар негізінен кабельдер мен құбырларды төсеу, топырақты сегменттерге кесу үшін қолданылады. Жоғарыда айтылғандардың барлығын жұмсақ тау жыныстарын (туф, әктастар) оларды өндіру кезінде кесу үшін де жатқызуға болады [1].

Тәжірибе көрсеткендей, баролық машиналары саңылауды өте кішкентай енімен кеседі, алайда жұмыс органының (кесу тізбегінің) икемділігіне байланысты олар жұмыс жабдығының жоғары өнімділігімен өте тереңдікте кесуді қамтамасыз ете алмайды. Осы кемшіліктерді жою үшін мықты жұмыс істейтін жабдықты пайдалану қажет [2].

Мінсіз нұсқа бұл орталық осьтен тігінен жоғары қарай ең жоғары мүмкін қашықтыққа ығыстырылған жетегі бар дискілі айналмалы жұмыс орган болып табылады. Бұл жерді жұмыс органының төменгі жартылай шеңберімен ғана емес, дөңгелек кескіштің биіктігімен де кесуге мүмкіндік береді [3].

Зерттеудің мақсаты мұз болып қатып тұрған жерді кесетін фрезерлік жұмыс органының жүктемесі мен жұмыс режимін байланыстыратын тәуелділіктерді анықтау болып табылады.

1-суретке сәйкес кесетін жұмыс органын білдіретін диск кескішіте айналу сәті  $M_{кр}$ ,  $Q_{вд}$  қысымдау күшінің,  $Q_{т}$  тарту күшінің әсерінен болады.

Диск кескішпен жерді кесу келесі ерекшеліктермен сипатталады: кескіштің шеңбер бойымен қозғалысы; жер қырынуының жоңқасының қалыңдығының өзгеруі; кенжар маңы аймағының тұйық көлемі; кескіштердің жермен жанасуының тұрақсыздығы; кенжар маңы аймағында қосымша қарсылық көрсететін жерді аунату массасының болуы. Кесу процесінің мәні өзгермейді және жер қырынуының жоңқасының кенжардан алып тастау болып табылады. Осыған сүйене отырып және жерді кесу теориясының тұжырымдарын қолдана

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

отырып, қарсыласу күштері мен айналу осінен қашықтық бойынша орташа кескіштің моделі ұсынылған [4].


Ең алдымен, бір кескіштің жұмысы қарастырылды. Кесу кезінде кескіштер траншеяның оң жақ қабырғасының бірінші кесілуі, екіншісі – сол жағы, үшіншісі – кенжары болатындай етіп орналастырылатындығын ескеру қажет (2-сурет) .

Бір-бірінің қасында орналасқан үш кескіштің әрқайсысы әртүрлі жүктемелі болғандықтан, барлық күштер бір орташа кескіш беріледі. Сонымен қатар, кескішпен кесу тек 1-суретте көрсетілген  $L$  доғасының аймағында жүзеге асырылады. Бұл жағдайда доғаның ұзындығы бойынша жер қырған жоңқасының қалыңдығы өзгермелі болады.

і-ші кескіштің орташа моделі  $R_{CP}$  кескішінің жетек нүктесінен орташа қашықтыққа, кесілген жер қырған жоңқасының  $h_{CP}$  орташа қалыңдығына сәйкес келеді, қолданылатын кесу күшінің айналу сәті жұмыс органының радиусына бөлінуінен -  $R$ , басу күші мен тарту күшіне тең.


Кесу бұрышы  $\delta$ , артқы бұрышы  $\gamma$ , ені  $b$  және тозу алаңының ені  $a$  ішкі үйкеліс бұрышы  $\mu$  жер жағынан кескіште жерді кесуге кедергі күштері әрекет етеді  $P_T$ , олар 3-суретте сәйкес тозу алаңындағы жанама және қалыпты кесу күштері, жанама  $P_{изн.к}$  және қалыпты  $P_{изн.н}$  кедергі күштері түрінде ұсынылуы мүмкін.

Жерді кесу моделін жасау кезінде келесі болжамдар қабылданады: біртекті орта, жұмыс органының тербелісі нөлге тең, жұмыс органы абсолютті қатты дене, жұмыс режимі тұрақты.




1 – кескішті орнату нүктесі; 2 – кескіш; 3 – жер.  
Сурет 1 – Жұмыс органына әсер ететін күштер сұлбасы

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**



Сурет 2 – Жұмыс органының кескіштеріне әсер ететін күштер сұлбасы



Сурет 3 – Орташа кескішке әсер ететін күштер

Жоғарғы жетегі бар дискілі кескіштің жұмыс процесіне тән кинематикалық ерекшелігі ол айналу кезінде тістердің кесу қалыңдығының өзгеруі. Профильді кесігінде орақ тәрізді пішінге ие.

1-суретке сәйкес айналу сәтінің төңдеуі, сондай-ақ тік оське  $Y$  күштердің проекциясы жасалады.

Түрлендіруден кейін беріліс күшінің өрнегі (жұмыс органының басу күші) былай болады:

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

$$\begin{aligned}
 Q_{\delta} = & h_{cp} \cdot [3\psi \cdot m_{св} \cdot b \cdot (ctg(\delta + \mu) \cdot \sin \varphi' - \cos \varphi') + \\
 & + 2m_{бок} \cdot h_{cp} \cdot (ctg(\delta + \mu) \cdot \sin \varphi' - \cos \varphi') + \\
 & + 2m_{бок.ср} \cdot (ctg(\delta + \mu) \cdot \sin \varphi' - \cos \varphi') + \\
 & + 3\eta_{изн} \cdot m_{св} \cdot b \cdot (ctg(\delta + \mu) \cdot \sin \varphi' - \cos \varphi') - 1,5\rho \cdot b \cdot h_{cp} \cdot tg\mu \cdot g]
 \end{aligned} \tag{1}$$

Көлденең оське Х күштер проекцияларының теңдеуі жасалады. Бұл тартымдылықты білдіруге мүмкіндік береді.

$$\begin{aligned}
 Q_T = & [(3\psi \cdot m_{св} \cdot b \cdot h_{cp} + 2m_{бок} \cdot h_{cp}^2 + 2m_{бок.ср} \cdot h_{cp})ctg(\delta + \mu) + \\
 & + 3\eta_{изн} \cdot m_{св} \cdot b \cdot h_{cp} \cdot ctg(\delta + \mu)] \cdot \cos \varphi' + \\
 & + [3\psi \cdot m_{св} \cdot b \cdot h_{cp} + 2m_{бок} \cdot h_{cp}^2 + 2m_{бок.ср} \cdot h_{cp} + 3\eta_{изн} \cdot m_{св} \cdot b \cdot h_{cp}] \cdot \sin \varphi'
 \end{aligned} \tag{2}$$

Жұмыс органындағы айналу сәті келесідей жазылады:

$$\begin{aligned}
 M_{кр} = & R_{нр} \cdot h_{cp} \cdot [(3\psi \cdot m_{св} \cdot b + 2m_{бок} \cdot h_{cp} + 2m_{бок.ср} + 3\eta_{изн} \cdot m_{св} \cdot b) \times \\
 & \times \{1 + k \cdot \sin \varphi' + k \cdot \cos \varphi' \cdot ctg(\delta + \mu)\} + 1,5\rho \cdot b \cdot h_{cp} \cdot tg\mu \cdot \cos \varphi' \cdot g]
 \end{aligned} \tag{3}$$

Келесі ауыстыру енгізіледі:

$$\begin{aligned}
 A = & [3\psi \cdot m_{св} \cdot b + 2m_{бок} \cdot h_{cp} + 2m_{бок.ср} + \\
 & + 3\eta_{изн} \cdot m_{св} \cdot b] \cdot [ctg(\delta + \mu) \cdot \sin \varphi' - \cos \varphi'] - \\
 & - 1,5\rho \cdot b \cdot h_{cp} \cdot tg\mu \cdot g
 \end{aligned} \tag{4}$$

$$\begin{aligned}
 B = & (3\psi \cdot m_{св} \cdot b + 2m_{бок} \cdot h_{cp} + 2m_{бок.ср} + 3\eta_{изн} \cdot m_{св} \cdot b) \times \\
 & \times [1 + k \cdot \sin \varphi' + k \cdot \cos \varphi' \cdot ctg(\delta + \mu)] + 1,5\rho \cdot b \cdot h_{cp} \cdot tg\mu \cdot \cos \varphi' \cdot g
 \end{aligned} \tag{5}$$

Өйткені үлес көбейткіштен  $h_{ср}$  құрамдас бөлігі  $R_{бок}$  есебінен басқаларына қарағанда біршама аз болғандықтан, одан әрі есептеулерде ол ескерілмейді.  $h_{ср}$  құрамдас бөлігі  $R_{бок}$  меншікті Күштерде басқаларына қарағанда біршама аз, одан әрі есептеулерде ол ескерілмейді. Сонымен қатар, кесілген жердің қалыңдығына, кескіштің еніне және ішкі үйкеліс бұрышына байланысты жердің кертілген жоңқасы элементінің (РТ,) салмағы өте аз. Сәйкесінше, әрі қарай есептеу кезінде ол ескерілмейді.

Сонда:

$$\begin{cases} Q_{ВД} = A \cdot h_{ср} \\ M_{кр} = B \cdot R_{нр} \cdot h_{ср} \end{cases} \tag{6}$$

мұндағы А, В – жердің физика-механикалық қасиеттеріне және кескіш конструкциясына байланысты фрезерлік жұмыс органының тереңдеуі (берілуі) және айналуы кезінде жерді кесуге үлестік кедергі күштері, Н/м.

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

Кесу бұрышы 450-ге жақын екенін ескере отырып, кесу бұрышының  $\psi$  әсерін ескеретін коэффициентті бірлікке тең деп санауға болады

Бұл ретте:

$$\begin{cases} A = [3\psi \cdot m_{ce} \cdot b + 2m_{бок.ср} + 3\eta_{изн} \cdot m_{ce} \cdot b] \times \\ \times [ctg(\delta + \mu) \cdot \sin \varphi' - \cos \varphi'] \\ B = (3\psi \cdot m_{ce} \cdot b + 2m_{бок.ср} + 3\eta_{изн} \cdot m_{ce} \cdot b) \times \\ \times [1 + k \cdot \sin \varphi' + k \cdot \cos \varphi' \cdot ctg(\delta + \mu)] \end{cases} \quad (7)$$

Жұмыс органының қозғалыс кинематикасы берілу жылдамдығын, бұрыштық жылдамдықтың және жер қырынуының жоңқа қалыңдығының байланысын анықтайды:

$$\begin{cases} h_{cp} = \frac{2V \cdot \pi}{\omega} \cdot \sin \varphi' \\ h_{cp} = \frac{2V_T \cdot \pi}{\omega} \cdot \cos \varphi' \end{cases} \quad (8)$$

мұндағы  $\omega$  – бұрыштық айналу жылдамдығы,  $c^{-1}$ ;

$\varphi'$  - орташа кескіштің бекітілген бұрылу бұрышы, градус;

$V$  – кескішті тереңдету жылдамдығы, м/с;

$V_T$  – тарту жылдамдығы, м/с.

Кесілген жер қырынуының жоңқасының орташа қалыңдығын беру жылдамдығымен  $V$  және тарту жылдамдығымен  $V_T$ , байланыстыратын екі теңдеу оларды ресми түрде теңестіруге мүмкіндік бермейді, өйткені беру жылдамдығы тек жұмыс органының тереңдеу кезеңінде, ал тарту жылдамдығы тек жердегі траншеяны кесу кезінде болады.

(6) және (8) теңдеулер жүйесі кескіштің берілу жылдамдығы мен бұрыштық айналу жылдамдығы арқылы нақты күштерді білдіруге мүмкіндік береді.

$$A = A' \frac{V \cdot 2\pi}{\omega} \quad (9)$$

$$B = B' \frac{V \cdot 2\pi}{\omega} \quad (10)$$

мұнда  $A'$  и  $B'$  - сәйкесінше, айналу сәтінің әрекетіне және беру күшіне кері тәуелділік.

Бұл өз кезегінде жұмыс органының айналу жылдамдығына байланысты нақты күштерді оңтайландыру мүмкіндігін ашады.

Нақты күштердің алынған мәндері орташа кескішке, яғни үш кескіш тобына жатады. Әрине, есептеу әдісін жасау кезінде кесу санының жұмыс органының толық жүктемесіне әсерін ескеру қажет.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Кадыров А.С., Глотов Б.Н., Бестембек Е.С. Определение параметров нагружения фрезерного рабочего органа большого диаметра. Научно-теоретический журнал. Известия

**Раздел 2. «Машиностроение. Технологические машины и транспорт»**

высших учебных заведений. Строительство. Новосибирск: НГАСУ (Сибстрин). 2013, № 1, С. 101-106.

2 Алиев С.Б., Кадыров А.С., Глотов Б.Н., Магавин С.Ш., Бестембек Е.С. Определение сил сопротивления резанию грунта при его фрезеровании. Ежемесячный научно-технический и производственно-экономический журнал «Уголь». Москва: Центр инновационных технологий. 2013, № 6, С. 78-80.

3 Ветров Ю.В. Резание грунтов землеройными машинами. – М.: Машиностроение, 1971г. – 360 с.

4 Бестембек Е.С. Разрушение прочных грунтов и методика расчета сил сопротивления резания грунта фрезерованием. Республиканский научный журнал. Вестник Карагандинского государственного индустриального университета. Темиртау: КГИУ. 2020, №2, С 47-54.

Е.С. Бестембек, Г.Д. Исабекова

**Keywords:** business, stakeholders, tools, model, interaction

З.С. Гельманова, А.С. Петровская, О.В. Силаева, Р.К. Арыкбаев, А.Е. Алдабаева

**АА 1000 SES негізінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу**

**Андатпа.** Мақалада теориялық негіздеу және мүдделі тараптардың бизнесті басқарудың моделін практикалық іске асыру мүмкіндігі тұжырымдама ретінде қарастырылған. Менеджменттің вертикальды моделінен кетуді және жаңа үлгіні - әлеуметтік мүдделі тараптардың өзара әрекеттестігі мен ынтымақтастығының үлгісін - технологиялық кәсіпкерлердің жаңа түрін қалыптастыруды ескере отырып, қазіргі заманғы шындыққа мүдделі тараптардың көзқарасы қағидаттарын бейімдеу тәсілдері қарастырылған. және менеджерлер.

**Түйін сөздер:** бизнес, мүдделі тараптар, құралдар, модель, өзара әрекет

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

MRNTI 06.56.21

Z.S. GELMANOVA<sup>1</sup>, O.V. SILAEVA<sup>1</sup>, M.A. LATYPOVA<sup>1</sup>  
A.S. PETROVSKAYA, A.E. ALDABAEVA, N.M. OMAROVA  
<sup>1</sup>Karaganda State Industrial University of Temirtau, Kazakhstan

### IDENTIFICATION OF FAST-GROWING COMPANIES

**Annotation.** The article scientifically substantiates approaches to solving the problem of identifying fast-growing companies (FGS) in order to provide rational and targeted state support to companies whose contribution to the socio-economic development of territories is growing. The article examines foreign and domestic approaches to the identification of FGS. A critical review of the main indicators that characterize the FGS is presented: "absolute", "relative" and "distributive". The authors suggest using an approach based on the use of key socio-economic indicators – the "public value" criterion - to improve the quality of selecting companies as fast-growing ones.

**Key words:** identification, fast-growing company, approaches, criteria, business environment.

The digital economy focuses modern business on finding new approaches to managing business processes, and a dynamic and high-risk external environment increases the need for effective business tools – information and communication technologies. Thanks to the introduction of digital technologies, savings in operating costs are achieved, and it becomes possible to create a competitive business environment. Digitalization is a resource that stimulates the development of FGS and provides rapid growth of business capitalization.

The approach to FGS identification proposed by the authors is formalized in the form of an algorithm that includes two stages. The mechanism for selecting companies uses two growth indicators—the Birch index and the OECD criterion, which allow identifying FGS in four groups (resource-oriented, market-oriented, results-oriented, development-oriented). The final identification of FGS for differentiation of state support measures using the "public value" criterion is carried out in accordance with the third stage of the algorithm with the allocation of socially-oriented, innovation-oriented and nature-intensive FGS.

Interest in the FGS - gazelles - in the world and in Republic of Kazakhstan is supported to a large extent due to the results of assessing their impact on such indicators as job creation and participation in income growth in the economy of a particular region or country as a whole. The transition to a new technological order in the modern economy frees the economically active population from the sphere of employment. Since 2000, many researchers have confirmed that the effect of FGS persists, if not increases. For example, in the UK, 6% of all firms with 10 or more employees created 54% of jobs in 2005-2008. In Sweden, this ratio is 6-42%, in Finland 5-90% (in 2003-2006) [1]. In the USA, 10-15% of the total number of firms creates 50-60% of jobs [2]. The same high results were observed in Canada, France, the Netherlands, Spain and other countries of the world.

FGS create side effects by influencing demand for products from related industries or by creating opportunities to expand production and improve efficiency within product chains.

As world experience shows, improving the quality of life and increasing well-being directly depend on the development of entrepreneurship, the quality of institutional, administrative and economic transformations in the digital economy, which requires the use of effective tools, including FGS.

Studying the best practices for determining the essence of FGS and criteria for their identification, three approaches were identified: "absolute" (the OECD criteria) are characterized by a free choice of the growth boundary of criteria and a significant influence of general economic

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

trends on the results of the FGS sample; "relative" (the Birch index, the DHS criterion) provide a more balanced approach to the identification of FGS within individual countries or regions[3]. Thus, the Birch index is more focused on large companies that have a greater contribution to employment, but it loses the ability to compare the indicators of different countries, which may have different average growth rates within the sample. The selection of companies based on the DHS criterion leads to a reduction in the number of FGS; "distributive" ones are based on a specific property of the distribution of growth of companies. At the same time, they can combine both absolute and relative definitions, but they provide more complex (intensive) calculations.

A systematic analysis of modern scientific papers (more than 20 authors) has revealed the main features of the FGS [4]: the choice of growth indicator; growth measures (in absolute, relative or distributive measures); regularity of growth; 4) the threshold value of the growth measure; the growth process; demographics of companies.

To identify FGS growth indicators, economic models of company growth are systematized, the analysis of which allows us to conclude that there is no typical FGS image, and the term "fast growth" itself is a multidimensional and multifaceted object for study; methodological approaches should be applied comprehensively, using the multicriteria mechanism for the selection of FGS.

A critical review of approaches to the definition of FGS has revealed the advantages of the OECD criteria and the Birch index, which is manifested in the ease of application and ensuring comparability of results when comparing the lists of FGS in different regions and even countries. The results of world Bank research show that FGS can be found among all categories of large companies. In general, the survey results identify FGS using the selection criteria of the OECD shows that their share in the total number of companies in developed countries varies from less than 2% (Austria, Germany, Italy, Netherlands) to 6 % (Finland, Sweden, UK, USA, Spain), 10 % (South Korea). Research also shows that using the OECD criterion (income) and the requirement for a minimum staff of 15 people, on average, the share of FGS is about 5-6 % of the total number of companies.

Comparison of FGS samples obtained using different criteria leads to the need to solve the problem of taking into account the "multifactor" of economic growth in the identification of FGS. Thus, in [5], based on the analysis of 19 growth indicators over a 10-year period, it was shown that the growth of companies can be manifested in different ways, in different indicators.

In our view, priority should be given to internationally recognized criteria, such as the OECD criteria or the Birch index, in order to achieve research goals and ensure comparability of the results obtained with those of foreign authors.

Based on the key indicators of FGS – sustainable growth and indicators of FGS identification, a grouping of FGS is proposed: resource-oriented (in terms of population growth), market-oriented (in terms of revenue growth), current results-oriented (in terms of profitability growth), development-oriented (in terms of net asset growth).

The digitalization of business processes helps to simplify, synchronize, correlate all factors and circumstances in the development of management decisions at the level of companies and at the level of state bodies, therefore, the modern mechanism of state support should not only contribute to the solution of problems of increase of competitiveness of companies, and active introduction of digital technology and eliminate administrative barriers to economic activity of economic entities, reduce commercial risks, but also that is paramount, serve as a tool for implementing the interests of the state as an embodied society.

The concept of public value traditionally has four dimensions: instrumental-utilitarian (the basic need for orientation and control over the environment), moral-ethical (the basic need to preserve one's own value and self-aggrandizement), political-social (the basic need for positive social relations), and hedonistic-aesthetic (the basic need to avoid suffering and obtain pleasure).

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

The effects of the "public value" criterion vary by FGS category depending on the industry, age, innovation activity, and other characteristics.

We present a grouping of three types of companies based on the "public value" criterion: socially-oriented, innovation-oriented, and nature-intensive.

The transition to digital business models in the economy of the Republic of Kazakhstan has predetermined the priority of providing state support measures to innovation-oriented FGS, whose products are not only socially significant, but also have innovative qualities.

### LIST OF USED SOURCES

1 Goswami A.G., Medvedev D., Olafsen E. High-Growth Firms: Facts, Fiction, and Policy Options for Emerging Economies. International Bank for Reconstruction and Development / The World Bank, 2019. 193 p.

2 Haltiwanger, J., R. S. Jarmin, R. Kulick, and J. Miranda. 2017. "HighGrowth Firms: Contribution to Job, Output and Productivity Growth." In Measuring Entrepreneurial Businesses: Current Knowledge and Challenges, edited by John Haltiwanger, Erik Hurst, Javier Miranda, and Antoinette Schoar, 11–62. National Bureau of Economic Research Studies in Income and Wealth. Chicago: University of Chicago Press.

3 Halvarsson, D. 2013. "Identifying High-Growth Firms." Working Paper 215, Ratio Institute, Stockholm.

4 Henrekson M., Johansson D. Gazelles as job creators: a survey and interpretation of the evidence // Small Bus Econ (2010) 35:227–244. DOI 10.1007/s11187-009-9172-z

5 Delmar, F., McKelvie, A., & Wennberg, K. (2013). Untangling the relationships among growth, profitability and survival in new firms. Technovation, 33(8), 276291.

З.С. ГЕЛЬМАНОВА, О.В. СИЛАЕВА, М.А. ЛАТЫПОВА  
А.С. ПЕТРОВСКАЯ, А.Е. АЛДАБАЕВА, Н.М. ОМАРОВА

#### **Идентификация быстрорастущих компаний**

**Аннотация.** В статье научно обоснованы подходы к решению проблемы идентификации быстрорастущих компаний (БРК) для оказания рациональной и целевой государственной поддержки компаниям, вклад которых в социально-экономическое развитие территорий растет. В статье исследуются зарубежные и отечественные подходы к идентификации БРК. Представлен критический обзор основных индикаторов, характеризующих БРК: «абсолютные», «относительные» и «распределительные». Авторы предлагают для повышения качества отбора компаний в качестве быстрорастущих использовать подход, основанный на использовании ключевых социально-экономических показателей – критерий «общественная ценность».

**Ключевые слова:** идентификация, быстрорастущая компания, подходы, критерии, предпринимательская среда

З.С. ГЕЛЬМАНОВА, О.В. СИЛАЕВА, М.А. ЛАТЫПОВА  
А.С. ПЕТРОВСКАЯ, А.Е. АЛДАБАЕВА, Н.М. ОМАРОВА

#### **Тез өсетін серіктестіктерді анықтау**

**Андатпа.** Мақала аумақтардың элеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі артқан компанияларға ұтымды және мақсатты мемлекеттік қолдау көрсету үшін жылдам дамып келе жатқан компанияларды (ҚДБ) анықтау мәселесін шешудің тәсілдерін ғылыми негіздейді. Мақалада ҚДБ сәйкестендірудің шетелдік және ішкі тәсілдері қарастырылған.

**Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

ҚДБ-ны сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге сыни шолу ұсынылған: «абсолютті», «салыстырмалы» және «бөлу». Авторлар негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді - «әлеуметтік құндылық» критерийлерін қолдануға негізделген тәсілдерді жылдам өсіп келе жатқан компанияларды таңдау сапасын жақсарту үшін қолдануды ұсынады.

**Түйін сөздер:** сәйкестендіру, жылдам дамып келе жатқан компания, тәсілдер, критерийлер, бизнес-орта

## Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

МРНТИ 11.15.25

Ж.А. АХМЕТОВ<sup>1</sup>, А. БЕКЗАТОВА<sup>1</sup><sup>1</sup>Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау қ., Қазақстан

### АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

**Андатпа.** XIX ғасырда Қазақ елінде Ресейге отарлыққа түсуіне байланысты ел билеу жүйесін, сонымен қатар билік иелерінің іс-әрекеттеріндегі, ел билеу әдісіндегі билік иелерін соның ішінде қазақ халқына жақын, әрі тікелей қатынастағы тұлғалардың сол кезде ел арасында етек алған, биліккежету мақсатында қолданған әдістерін, түпкі мақсатын билік иелерінің өзара иерархиялық бағыныстағы іс-әрекеттерін Абайдың мысқылдап жағымсыз қылықтарын әшкерлеуіне көңіл аударылады. Сонымен қатар сол Абайдың көрсеткен билік иелерінің жағымсыз қылықтарын, олардың тамырының қайдан нәр алатындығы туралы және оларды қайтсе түзетуге болатындығын іздестіруін мақала иелері қазіргі кездегі ел билеушілер әдіс-тәсілдерімен салыстыра отырып, халыққа жағымды бейнелері тартымды әділ, білімді, отанына адал қызмет етушілердің бейнесін жасауға тырысады.

**Түйін сөздер:** Абай, бодандық, хандық басқару, округтық жүйе, аға сұлтан, болыс, старшын, би, атшабар, уезд, начальник, әскери-губернатор, Патшалық Ресей, Демократиялық Ресей, ел билеу, мемлекет, тәуелсіз ел, әкімшілік басқару жүйесі, билеуші тұлға, топтар тартысы, сыяз, ылау, шенді шекпен, шелтірейтіп, кісі, қорқақ, қайратсыз, мақтаншақ, ақылсыз, надан, арсыз, орысша, образование алған кісі, тағайындау, өмірдің мәні, өнер, білім, ғылым, аума-төкпе заман.

Абай өмір сүрген кезең, қазақ халқының өмірінде ең бір ауыр да қайғы-қасірет басына түскен кезеңнің бірі еді. Бұл кезең Патшалық Ресейдің бодандығына айналған кезеңі еді. 1731 жылы Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы берген анты, Орта жүз билеушілерінің Ресейге қосылуды мойындауы Ресейге толық билікті өз қолына алуға жеткіліксіз екенін түсінді.

Сондықтанда, Ресей билігі Қазақстандағы хандық билікті жойып, ел билеуде қазақтардың билік дәрежесін біртіндеп түсіріп, оларды патшалық билік жүйесіне бағындыруды көздеді. 1822 жылғы Батыс Сібір генерал-губернаторы М.М.Сперанский дайындаған және Ресей императоры І Александрдың жарлығымен бекітілген «Сібір қырғыздары(қазақтары) туралы жарғы» күшіне еніп, қазақтардың хандық басқару жүйесі жойылып округтік жүйеге ауыстырылып аға сұлтадар, болыстар, ауыл әкімшілітері сияқты басқару жүйесі енгізіліп, қазақ билеушілерін генерал - губенаторларға бағынышты етті. Ендігі жерде қазақ өзін-өзі тәуелсіз басқара алмайтын дәрежеге жетті. Ол олма, 1867-1868 жылдардағы Уақытша Ережелерге сәйкес қазақтар билік дәрежесінде ең төменгі, тікелей ауыл адамдармен жұмыс істейтін дәрежеге түсірілді. Басқару жүйесі губернаторлық - облыстық-уездік-болыстық-ауылдық болып бөлініп, қазақтар болыстық дәрежеден әрі аса алмайтын болды, оның өзінде де, сайланып қойылды. Сайлауда жеңіп шыққанменен, егерде ояз(уезд бастығы) қолдамаса, облыстық әскери-губернатор жарлыққа қол қоймайтын, яғни сайлауда жеңседе болыс бола алмайтын. Сондықтан, болыс болу үшін ояздың да «аузын» алу керек болды. Патша үкіметі бұл Ережеде жергілікті тағайындалып қойылатын чиновниктердің ел үстінен пара алып баюына жол ашқандығы деп білуіміз керек. Сонымен Құнанбай тұсында аға сұлтадық болса, Абайдың ер жеткен кезінде болысты қазақтар үшін ел билеудегі ең жоғарғы дәреже саналды. Абай да 1875 жылдан бастап әкімшілік жұмыстарымен айналысты. Үш жыл ел билеу әкімшілік жұмыстарымен айналысты.

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

Бұл үш жыл Абай өмірінде оңы мен солын тануға, ел ішіндегі дау жанжалдарға араласуға, әділдік іздеп күресуге, карапайым халықтың мұңын-зарын шешуге көмектесіп шындалған әрі өте ауыр жылдар болды. Ол туралы Абай бірінші қара сөзінде [4.89] «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық-әурешілікті көре-көре келдік» -деп бір түйеді.

Абай, әкімшілік міндетін атқарған елдің бай -шонжарлары оның басына қастандық ұйымдастырды, уезд, губерна бастықтарына тынымсыз арыздар жолдады. Сан түрлі жала жауып, Абайдың басын он жылға созылған дау-жанжалға ұшыратты. Абай қалаға жиі-жиі шақыртылып, дүркін-дүркін начальниктерге жауап беріп жүрді. Өз басының ақтығын айтып ол талай мекемелердегі чинді төрелерге жолықты, арызын айтты, кінәлі емес екендігін дәлелдеді. Бірақ Абай өзін тындаған патшалық үкімет адамдарынан бір жан да табылмады.

Осы кезде Абай Ресейдің ресми өкілдерінен басқа демократиялық Ресейдің адамдарын да көрді. Ол адамдардың жауыздыққа жаны қас, әділетсіздікке қарсы күресетін, карапайым момын халық уәкілдеріне жаны ашитындығын көрді. Бұл адамдардың сөзінен де, ісінен де пейілінен де чиновниктік Ресейден басқа, халықтық демократиялық Ресейдің таңдаулы өкілдері бар екенін білді, танысты. Солардың бірі – Евгений Петрович Михаэлис еді. Е.П.Михаэлис Абайды патша өкіметінің қанды тырнағынан құтқаруды, сот тергеу орындарынан ақтап алуды ұйымдастырды. Осылайша Абай Михаэлис достығы патшашыл чиновниктердің іс -әрекетіне қарсы, патша өкіметінің серігі қазақ ішіндегі бай-шонжарларға, болыс старшын билерге қарсы күрес барысында туындаған достастығы бұқаралық демократиялық сипаттағы достастыққа ұласты.

«Үкімет зорлық, өтірік, қорлық, құрысын көзің ашылмас!» -деп өкпесін қысқан үкімет билігінен безіп шықты. Ол туралы өзінің бірінші қара сөзінде «Қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік бәрі қоршылық екенін білдік...», дей отырып, енді өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз деген сұраққа «Ел бағу? жоқ, ел бағым жоқ» -деп үзілді-кезілді жауап береді. Себебі, патша үкіметінің ел басқару жүйесі қазақты біртіндеп биліктен шеттетіп, қазақ қоғамын басқаратын, тұтас халық қамын ойлай алатын тұлғаларды құрыту арқылы, оның үстіне қазақ жеріне басқа ұлттарды көптеп әкеліп соларға жағдай жасап, қазақтарға қарсы қойып қазақтардың үнін шығармай біртіндеп араластырып, ұлт ретінде жою жолына түскендігін сезді. Сондықтанда, елді «Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңлі басылмаған жастар бағамын демесе...» (4.89) ақылы толықсыған, жан-жағын байқайтын адам бұл іске бармас деп ойлаған.

Абай XIX ғасырдың 80-90 жылдары әкімшілік, ел билеу мәселесін жеке бөлеп алып қарастырған. Елді кім билеу керек деген мәселе сонау көне заманда да ғұламаларды ойландырған. Көне замандағы Лю-Цзы, Конфуцы, Будда, Платон, Аристотелдер де бұл мәселеге көңіл бөлген. Мәселен Платон - ел басқару философтардың қолында болғанын қалаған. Себебі сол кезде ең данышпандар философтар болып саналған. Бір айта кетер мәселе олардың мемлекеті, халқы тәуелсіз, өзін-өзі басқара алатын елдер болды. Ал, Абай тұсындағы қазақ елі Ресейдің толық қанды боданы еді. Сондықтан да, қазақ ішіндегі ел билеушілер, бодан елдің өз билеушілеріне қызмет қылуымен шектелуіне, патшалық Ресейдің үкімдерін ел арасында орындауға тиістілер болды. Міне, осы құбылысты әкімшілік басқару жүйесінің, оны іске асырушылардың іс - әрекетіндегі шешусіз қайшылықтардың шырмауындағы қазақ әкімдерінің, ел билеушілерінің бейнесін, мінез-құлқын, психологиясын, қандай жағдайда қандайлық әрекет ететінін ашып көрсетіп, мысқылдай отырып билеушілердің бейнесін жасаған.

Абай XIX ғасырдың 80-90-шы жылдары әкімшілік, ел билеу, билеуші тұлға мәселесін жеке тақырып етіп алып, оны сыни тұрғыдан қарастырған. Өз өлеңдерінде, қара сөздерінде сол кездегі әкімшілік жүйедегі қазақ халқы үшін құрылған шешусіз қайшылықтарды,

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

бодандық шырмаулардан шыға алмаған дер кезінде көре алмаған лауазым иелерін тұтас алып, қорыту арқылы би -болыстардың типін жасады.

«Болыс болдым мінеки» өлеңінің мағыналық құрылымында бірнеше тұлға бар: а)болыс; э) ояз; б)атшабар, в)би осы тұлғалардың бастысы - болыс. Өлең бірден лирикалық қаһарманнан басталады. Жаңа ғана сайланып, әкімдікке қолы жеткен болыс «Болыс болдым мінеки» деп жұртқа мақтанып жар салады. Оның бұл мақтануында, қуануында бодандық жүйедегі болыстың отарлаушылық саясатта қандай рөл атқаратынын түсінбеседе, әкімдік дәрежеде құмарлықта, өркөкіректік те, мансапқорлық та бар екендігі айқын көрініп тұр. Ол кездегі сайланып қойылған болыстар алдымен ел қамын ойлаудан көрі, өздерінің бас пайдасын көздейді. Бар малын шығындап жеткен болыс, енді өз шығындарының орнын жабуға тиіс. Сондықтан да ол оқу-өнегеге ұмтылудан көрі оған мансап, мақтан қуғаны дұрыс сияқты көрінеді. Бұл жөнінде Абай өзінің сегізінші сөзінде: «Осы ақылды кім үйренеді? Насихатты кім тыңдайды? Біреу - болыс, біреу — би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді» дей келіп, олардың әкімшіліктен басқаны мақсат етпейтінін тек ұлыққа жағынудан, пара алғандарының ісін қуудан қолдары тимейтінін батыл көрсеткен. Болыс өзі де «Түйеде қом, атга жал, қалмады елге тығындап» -деп (1.106) болыстықты, әкімшілдікті паралап малға сатып алғандығын, *sөйтін* зор шығынға ұшырағандығын, болыстың өз аузынан айтқызып мысқылдайды. Бұл сол кездегі әкімшілік ісіне тән көрініс. Ол ел ішін бұзатын, ел басқару ісіндегі ең зиянды қылықтар ретінде алып әшкерлеген. Абай өзінің жиырма екінші сөзінде «Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ», -дейді.

Сүйтсе дағы елімді, ұстай алмадым мығымдап,(1.106) -деген екі жолдан шығыны да босқа шыққанын көрсетеді. Осылайша билікке қолы жеткен болыстың өзінің халық алдында беделсіздігін, әлсіздігін жария етіп сөйлеуі, биліктегілердің халықтың өз көңілінен шығатын, сөзін сөйлейтін, ел қамын ойлайтындарды, болыстық сайлау арқылы жүрсе де, отыршыл Ресей әкімдігі оларды билікке жеткізбей, ығыстырып отыратыдығын байқалтады. Ал болыстыққа қолы жеткендер, әкімшілік ісін игеріп әкете алмағандығын баяндап тұр. Бұл - Абай шығармаларында суреттелетін не бағаланатын бүкіл әкімдіктердің ортақ трагедиясы, негізгі ой арқауы етіп алынады.

Болыстың ел билеуіне, әкімшілік ісін жүргізуіне келсек, оның жұртты алалап қарайтынын көреміз. «Күштлерім сөз айтса, Бас изеймін шыбындап», (1.106) деген жеріндегі «күштілер» Кімдер? Әрине, әкімшілік жағынан алғанда ұлық, ояздар, ал ел ішіне келгенде - ел ішінің «жуандары», ру таласындағы жікті басқарушылар, болысты сайлауға тікелей ықпал ете алушылар. Сондықтан да болыс болу, ұлық, ояздарға, ел ішіндегі жуандарға тәуелді болғандықтан, олардың әмірін екі етпей, «шыбындап» тұратындығы сондықтан, бұл көрініс, тек Абай заманында ғана емес, бұрын да қазір де байқалуда. Қазіргі Қазақстанда ұлықтардың бәрі тағайындалып қойылатындықтан өз қызметін атқаруы, өзінен жоғарғы ұлықтарға тәуелді болғандықтан бәрі де «шыбындауға» мәжбүр.

Абайдың «шыбындау» бейнесі, мал баққан елдерге таныс құбылыс, міністегі малдар, шыбынның жабылып, мал бойынан қоректенуіне қарсы болса да, қанша мазасын алса да, құтыла алмағандықтан соған көніп қаптаған шыбын-шіркейлердің жемі болып тұра беруіне мәжбүр. Ал болыстың «шыбындауы» қарсы жасайтын әрекеті болмай, «күштілерінің» айтқанын мақұлдап, бас изеп, олардың ырқына көніп, айтқанын екі етпей орындау. Болыс өзінің «күштілеріне» бағынышты болумен қатар жалынышты. Оларға жағыну арқылы ғана күнін көруге әкімшілік жүргізуге мәжбүр. Абай, болыс бейнесін ары қарай жалғастыра келіп, «әлсіздің сөзін салғыртсып, шала ұғамын қырындап», -деп бір түйеді. Әлсіздер кімдер? Олар -еңбекше бұқара, қарапайым, қолында билігі жоқ, өз еңбегімен өзі күнін көрген «күштілерге» жем болған халық. Әлсіздердің айтатын сөзі сол кездеде, қазір де - өз құқықтары мен ақыларын қорғау, үстем топ өкілдерінен көрген зорлық-зомбылығы, болып

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

жатқан әділетсіздіктер. Болыс мұндай шағымдарды тыңдағысы кемеяді. Болыс «жоғарғылардың» айтқанын істеуші, солардың мүддесін қорғаушы.

Ел ішіндегі әлеуметтік жіктелуді көре білген Абай, оны жоюды мақсат етіп қоймаса да, әкімшілік ісіндегі үлкен қайшылық топтар тартысына байланысты туатынын аңғартады. Үшінші қара сөзінде (4. 91-92) «!болыс болғандар өзі кулық арамдықпен болыстықа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндегі арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып жәрдемі тиеді деп, қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп», - дейді. Иә, бұлар сол кезде би-болыстар, байлар, феодалдар, кәзіргі кезде ірі билік иелері, ірі корпорация басшылары одан төменгі билік иелері деп қарауымызға да болады. Бүгінгілердің де, осы болыстан айырмашылығы жоқ тек аттарының басқаша аталуында ғана. Болыс: «..Сыяз бар десе жүрегім орнықпайды суылдап, Сыртқыларға сыр бермей, құр күлемін жымындап», - дейді. Оның, сыяздан қорқатын себебі, онда елдің дау-шары тексеріледі. Сол істі тексеру үстінде болыстың қылмысы, елден алған парасы ашылады. Иә, Абай заманындағы сыяздарда, халықтың мұн-мұқтажы, арыздары, тексеріліп, билік иелерінің қылмыстары ашылып жататын болса, кәзіргі Қазақстанда оның біреуі де жоқ. Тек Тоқаев президентке келгелі, коррупцияға қарсы күрес аз да болса іс -қимыл жасауда, онда да «ауға» шортандар емес, шабақтар ілінуде. Ал шабақтар «шортандардың» айдауында жүретінін елдің бәрі біледі.

Болыстың келесі бір күнін Абай былайша суретейді. «Жай жүргенде бір күні отшабар келді лебілдеп:» «ояз шықты, сыяз бар, «Ылау» деп, «үй» деп, дікілдеп. Сосын қалдым, күн тығыз, жүрек кетті лүпілдеп»(2.106). Атшабар жоғарыдан төменге хабар жеткізуші. Бірақ, ол жоғарыдан хабар алып келгендіктен оның өзі бір мансап, төменгі билік иелерін бір састырып, өзін қадірлі адамдардың бірі сияқты, жүрген жерін дүрліктіріп, келісін «лепілдетіп», сөздерін «дікілдетіп» сөйлеу әрі болыстың жүрегін «лүпілдетіп» қою, ол да бір «үлкен» жұмыс. Осы жерде Атшабардың бейнесін әрі күлкілі етіп, әрі аянышты етіп берген, сонымен қоса ресейлік бодандық, әкімшілік жүйесінің, қазақтарды «ойыншықтық» дәрежеге дейін жеткізгенін көрсетеді.

Есі шыққан болыс ояздың алдынан қам жасайды. «Тық тұяқ күнім сүйтсе де Қарбаңдадым өкімдеп», -дейді. «Тық тұяқ» деген ұғым кәзір шамасы болғанменен, кейін дерменсіз болып қалуы мүмкін екенін білдіреді. Себебі болыс ояздың көңілінен шықпаса, айтқан хабарын орындамаса орнынан түсірсе, болыстық күні мүлдем бітуі мүмкін. Сондықтан да, болыс мықтап ештеңе шығара алмасада, әйтеуір қорбаңдай, өкімдей ұлық келгенше, оязды қарсы алуға қам жасай бастайды. «Старшын биді жиғыздым: «Береке қыл» деп, «бекін» деп «ат жарамды», үй жақсы. Болсын бәрің күтін» деп.(2.106-107) Болыс өзіне қарасты билік жүйесіндегі өзіне бағынышты тұлғаларға оязды қалай күту керектігін, дайындықтың қандай болу керектігін айтып, жаппай дайындық жасауды қамдайды. Одан ары болыс «Қайраттанып халқыма сөз айтып жүрмін күпілдеп: «құдай қосса, жұртымның Ақтармын осы жол сүтін» деп. Қайраттысып, қамқорсып, сайманымды бүтіндеп». Қамқорсынған, қайратсынған, күпілдеген болыстың мақсаты халқының мүддесін қорғау емес, өз басын осы сыязда аман алып қалу, оның оязды да, халықты да алдап, осы жерде де өз пайдасын таппақшы болады. «Оңашада оязға Мақтамаймын елімді» -деп өз еліне өзі сенбейтінін оязбен оңаша қалғанда болыс елін мақтарға сөз таппай, ықылас танытпайтынын елдің ел болып отырғаны өзінің, ояздың арқасы екендігі туралы ойды ширатып, болысқа өз аузынан айтқызады. Онымен қоймай, оязбен екі ортадағы не болып жатқанынан хабар жоқ халқына .. Өз еліме айтамын: «Бергенім жоқ», -деп, белімді; Мақтанамын кісіміп, оязға сөзім сенімді. «Көрсеттім» деймін, ымдаймын кәдік қылар жерімді, - деп, «күлімдеген» болысың өз еліне «кісіміп», оязға елін мақтамайтын, оязбенен арасының жақын әрі сыйлы, өзінің ояз алдында беделді екендігін өтірік болса да көрсетіп жатқандығы бір сөзіне, бір сөзі қайшы келіп жатқан, өз елінің алдында беделі жоқ әмрі

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

өтімсіз болыстың бейнесі. Көз алдыңызға қазіргі кезеңдегі, Президент айтпаса ешнәрсе істелмейтін, ал айтса соның айтқанымен «осыншама» істерді бітірдік деп жарт салатын әкімдер сияқты елестейді.

Ұлықтың келгенін естіп, жұрт болыстың үстінен шағым беріп, бұрынғы ала алмай жүрген ақыларын даулайды: «Үлкен кіші ақының, Бәрі сөз боп терілді.. Ақылы жандар камалап, кептірді сонда ерінді»-дей келіп болыстың халыққа жасаған озбырлығы әшкерленіп арызшылар көбейген сайын болыстың жағдайы нашарлап, шөмпейгенін ащы шындықпен бейнелейді. Абайдың саяси құндылықтарды өз заманында реалистік тұрғыдан ашып көрсеткенде, бізге де кәзіргі мемлекетімізде әлеуметтік тұрмыстық жағдайды жақсартуға жұмсалатын бюджет қаражатын жеуші ұлықтардың қашан «шөмпейтетін» механизм құрылады деп ойлайсың. Иә, болыстың паралары әшкерленіп, алғандары иесіне қайтарылып беріледі. «Өз малым деп қойған мал иесіне берілді. –деп бір түйеді. Абай заманындағы қоғамдық-саяси өмірдің бір көрінісі. Билігін пайдалана отырып пара алушылардан бергендерін қайтарып алуға мүмкіндігін білген халық «ақыларын» даулауға еркі бар екен. Ал кәзір ше, біздің заңымыз заң бойынша пара бергендер де, пара алғандар да жауапқа тартылады, олай болса заң қабылдаушылар саналы түрде бергендерін дауламас үшін өзі де жауапқа тартылатын болғандықтан ешкімде бергендерін дауламайды. Міне парадокс, өлең жолдарын ары қарай талдасақ, болыстың қылмысы ашылғаннан кейін оның басы дауға түседі, осы жерде Абай «...қазақты жеген қайратты ер» . Ұрынды да берінді, ...Алқыны күшті асаулар, ноқтаға басы керілді» - дейді.(2.107)

«Бір асқанға бір тосқан» деген халық мақалы болыс өзінше еліне асып-тасығанмен, сыязда арты ашылатынын, зорлық жасап алғандарын еліне қайтарылатынын көрсеткен Абайдың саяси тұрғыдан бұл ойы кәзіргі заманда да өз құндылығын жоғалтпауда, кәзіргі Қазақстанда ел билеген ұлықтарды да, тіпті депутаттарды да халық бақылайтын олардың ішіндегі паракорларың, жемқорларың, пасық пандарын, өркөкіректерің, бір тәубеге келтіріп отыратын, басына бұғалық салатын, халықтың қолына күш беретін тіпті сол, сыяз сияқты механизм керек-ақ. Қалыптасқан диктаторлық режим, ондай мүмкіндіктерге жол бермейді, сондықтан Қазақстанда қалыптасқан ел басқару жүйесін өзгерту өзінен өзі сұранып тұр.

Болыс сонымен бір жағынан ояздан, яғни жоғарғы лауазым иелерінен қорықса екінші жағынан халықтың қыспағынан да сескенеді, дегенменде есі кеткен болыс болатын сыязге де дайындалып, жабдық жасап шапқылауда. Оны Абай болыстың өз аузынан айтқызады. «Бір кептірмей терімді күн батқанша шабамын әрлі-берлі далпылдап. Етек кеткен жайылып Ат к.. жалпылдап..»(2.108) Оязды қарсы алу, сыяз ұйымдастыру болыс үшін оңай жұмыс емес екендігін күні бойы ештеңе бітірмесе де, шапқылайтынының өз себебі бар екендігін, Абай былайша көрсетеді. «... Оязға жетсін деген боп, Боктап жүрмін барқылдап. Кейбіреуге таяғым тиіп те кетті бартылдап, пысықтың көбі бұғы жүр. Беттесе алмай шаңқылдап»(2.108) ісі өңбей жатқан болыстың ашу-ызасын төмендегілерден алатындығын байқаймыз.

Барқылдай таяқтайды осының бәрі елі үшін емес, ояздың көзіне түсу үшін ауылдағы пысықарды бұқтыру үшін жасалып жатқандығын, сыязге дайындықты пайдаланып өзін жоғарғылардың сөзін екі етпей «далпылдап», «барқылдап» жүрсе де, қолында билік күші бар екенін бақталастарына, қарсылас пысықтарға көрсетіп қалу да болыс үшін үлкен мансап болып тұр. Болыс өзінің әлсіздігін ел билеу қасиетінің жоқтығын, надандығын мойындамай барлық кінәні елінің мойнына артады. «..Елің бұзық болған соң ояз жатыр шартылдап, табаныңнан тозасың құр жүгіріп тарпылдап» деп қояды болысың.

Абайдың бұл өлеңдерінен «қазақты билегендердің бәрі осы болыстай екен деп қалуға болмайды. Ел қамын ойлайтын елі үшін қызмет жасайтындардың жүз жарқын, еш нәрседен жасқанбайтын, өз ісінің адалдығына сеніп кіммен кездесе де жарқылдап жүретін болыстардың да болғанын «біздің» болыс былай дейді. «...Елі жөнді болыстар мақтанып жүр тарқылдап, күлкісі жақсы қарқылдап. Үні бөлек сартылдап. Сөйлесе кетсе бір жерде, Ағыны

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

қатты аңқылдап. Оязға кірсе өзгеден Мерейі үстем жарқылдап..» деп қызыға да, қызғанып қарайды жөні дұрыс болыстарға.

Өлеңнің ары қарайғы желісінде Абай - болыстың өз басының оқиғаларын баяндаудан тыйылдырып, ісінен өкінішті қателерін, шағымдарын айтқызады «...Антұрғанмын өзім де, Бір мінезбен өтпеймін. Момындық күшті екенін көрсем-дағы, күтпеймін...».

Болыс қанша дегенменде, байлардың мүддесін қорғайтын адам. Болыстыққа «Уақытша Ереже» бойынша бай адамдардың ғана сайлауға түсуге, болыстыққа қолы жетуі мүмкін. Қарапайым халық, өз еңбегімен күн көрушілер тек сайлауда дауыс беруге ғана қақылы. Ауыл ақсақалдары, ел ағалары болыстыққа түскен кандидатқа «өз елін, руластарын соған дауыс беруге көндіре алатындар болғандықтан, екі топқа екі түрлі көзқараспен қарап, билігін соған пайдаланады. «...Жуанды қойып, жуасты Бір азғана шеттеймін...» - деп, ол өзінің қарапайым жұртқа ғана тісі бататынын жасырмайды.

Болыс болса, ел ішіндегі жуандарға тәуелді болғандықтан, оларға әмірі жүрмейтінін атап айтып:

«...Сыяздан кейін елімді қысып алып кетпеймін. Ояз бардағы қылықты Ояз жоқта етпеймін..»-деп бір жағынан өзінің тәуелділігін көрсете, екінші жағынан оларды өзіне сүйеніш тірек қылуға тырысатындығын байқаймыз. «...Мынау арам, тентек» деп, Еш кісіні теппеймін. «Өзімдік бол» деп, ел жиып. Құрастырып, септеймін. Бұзақының бүлігін «Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін...» (1.108-109) - дейді. Бұл үзіндідегі болыстың «Сыртқа теппей, өзімдік бол» деп басын құрастырып жүргендері, өзінің күні түсетұғын бай-беделділер, атқамінерлер. Ал бұзақылар болса, солардың қол шоқпарлары, сондықтанда «бұзақылардың» істерін, ақылдарын «құп» деп, алдаусыратуда. Мақсаты келешекте, оларды да өз пайдасына қолдануы мүмкін, олай болса әзірше «құп» дей беру керек. Болыстың бұл ісі, әрі пара берушілігі, әрі пара алушылығы халыққа жақпайды. «...Мықтыға не қып беттеймін?...Кәкір-шүкір, көр-жерді пайда көріп ептеймін- деген өлең жолында, астарлы мән бар екені көрініп тұр. Ол парашылдығын жасыру үшін, ескі әдетті ұстап, өз басының пайдасын жасырын кулықпенен іске асыруға тырысады.

Заман талқысына түсіп, әкімшілік ісінің қайшылықтарын шеше алмаған, шеше де алмайтын болыс, өз басын әлсіз санап: «...Сүйегім жасық, буын бос, Біраз ғана айлам бар,- деп, өз жеке басының қажығанында жасырмайды. «Біраз ғана» айласының іске аспайтынына көзі жетіп, әкімшілік жүйенің қайшылықтарын шешуге қауқары жетпейтінін білеген болыс, Айлам құрсын, білемін «Болыстықтың жолы тар», - деп күрсінеді. Болыстықтың ел ішінде баянды тірегі жоқ, оны бұқара халық қолдамайды, ал үстем топ өкілдері болса, азшылық, олардың өздері де бір ауызды емес, әр қайсысы өз бас пайдасын көздеген өңкей жікшілдер. Олардан «Қайтып көмек болады, Антұрған өңкей ұры-қар?»- дейді. Мықты, жуандардың мүддесін қорғаймын деп жүріп, болыс, халық алдында масқара болғанын шағады: «...Көргенім әлгі, ойлашы, ұят-намыс қалды ма ар,- деп, Абай болысты моралдық тұрғыдан сынға алады, ұялтады. Болыстың өкінуіндегі, шағымындағы негізгі сарын, ар-ұят емес, өз басының әкімдіктен түспеу, айрылып қалмау әрекеті екендігін, өлеңнің келесі жолдарында ашып айтады: «...Ендігі сайлау болғанда түсе ме деп тағы шар. Бұл күніме бір күні боламын ғой деймін зар...». Мұндағы өткір сықақ, болыстың келесі сайлауда да үмітінің бар екендігін, егерде өтпей қалса, бүгінгі тісі батқандардан зорлық көріп, бұл күніне де зар болып қалмас үшін «Шар салу» арқылы жүргізілетін қос сатылы сайлау жүйесіндегі әкімшілікті паралау, өз жағына шығару, малының арқасында билікті қолдан шығармауды ойлаған болыстың түпкі жоспарын көрсетеді.

Абай, келесі бір өлеңінде болыс бейнесін кеңейте түседі. «Мәз болады болысын Арқаға ұлық қаққанға. Шілтірейтіп орысын Шенді шекпен жапқанға (1.113) , -деп болыстың орыс ұлығынан шенді шекпен жамылып, мәз болып жатқан кезінен басталды. («Шенді шекпен» - деп отырғаны, Ресей империясының әкімшілік-территориялық реформаларды іске

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

асыру барысында Патша үкіметіне «ерекше» қызмет көрсеткен, көзге түскен бұратана халықтың арасынан шыққан Ресейдің азаматы емес «қызметшілерге», би-болыстарға берілетін мадақтау белгісі ретінде тігілген сый-шапан, орысша үлгіде болғандықтан – шекпен деп қазақ арасында аталып кеткен) Болыстың мәз болуында үлкен саяси-әлеуметтік астар бар екенін байқаймыз: біріншіден,- болыс ояздың көңілін, демек ояздың әмірін екі етпей, бұқара мүддесіне сай келмеседе орындап отырған. Екіншіден,- ұлықпен ауыз жаласып, ұлыққа жағына білген. Сондықтан ұлық оны «сыйлап», шенді шекпен жауып отыр. Үшіншіден,- болыстың мәз болуы, ұлыққа жаққан соң, өзін енді бір тілегі орындалған мұңсыз адам деп есептеуінде. Болыстың өз елінің алдындағы өз беделінің бар-жоғы бәрі бір, себебі болыс болуды, болыстық билік атқаруды, болыстық беделінің өсуі ояздың қолында болғандықтан, тек ұлыққа жағынап, ұлық алдында беделі болса жеткілікті, әкімдігін атқара береді. Осы, көрсетілген жағдайларды Абай бір ғана сөзбен «Мәз болады» деп қысқартып беріп отыр. Болыстың жағымпаз бейнесін шендікке телеп көрсетеді. «Болыс» деген сөзді сол күнінде алмай, соған тәуелділік және екінші жақ жекеше жіктік жалғауларын қосып «болысын» деп атайды. Бұл жалғаулар қазақ тілінде біреуді асыра мақтағанда, оның қылығына, ісіне, не өнеріне, я қайратына сүйінгенде айтылып, көтеріп көрсетуге пайдаланылады, қосымша көңілдік екпін қосады. Ал, Абайдың «болысын» атауында, бұған мүлде қарама-қарсы мағынада алынып, болыс бейнесінің соншалықты күлкілі, бейшара, асыра көтерілген сықақ түрінде алынған «орысын» да, «болысын» деген сияқты мағынада қолданылады, екеуі де жағымсыз бейне түрінде алынған. Өлеңде Ояз бейнесі, жағымсыз әкімдер бейнесі сияқты бола отырып, болыс бейнесін одан әрі толықтырып түскендей. Ояз болысқа шенді шекпен жабады, Шекпенді «шелтірейтіп» жауып тұрған ұлық, ал оны «шелтірейіп» жамылып тұрған - болыс. Осылайша, қысқа да нұсқа әрі ұлықтың, әрі болыстың бейнесі көз алдына келеді. Ояз енді болысты айтқанынан шығармай ұстап, аларымды алып тұрам, алғандарын өз есебінше жоғарыға беріп тұрам деп мәз болса, болыс енді Оязыма берерімді бердім, өзімді үнемі қолдайтын қылам, олай болса ешкімненде қорықпай әлсіздерден алып тұрам, бұл шекпен өз еліндегі «пысықтардан» беделін асырып тұрады - деп мәз болады. Осылайша Ояздың болысқа шенді шекпенді «шелтірейтіп» жабуының астарында не бар екенін, көзі қарақтыларға жұмбақтап айтып тұрғандай. Өлеңнің екінші аузы: «...Күнде жақсы бола ма, Бір қылығы жаққанға? Оқалы тон тола ма, Ар-ұятын сатқанға?!»-деп болыстың бос мақтан, дәрекі қылығына, Абай өз көзқарасын білдіргендей. Біріншіден - болыстың күні күнде жақсы бола бермейтіні, болыс оязға жақса да, анда-санда оның бір-ақ қылығы жағатынын білдіреді. Демек, болыстың ұлықтан сый алып «шелтірегені» ұзаққа бармайтыны, жағамын десе де, баянды жаға алмайтыны айтылады. Екіншіден, болыс қанша ар-ұятты сатып, елдің Ресей әкімшілігі үшін мазасын алып, қанша қуланса да, оқалы тонның толмайтыны баяндалады. Бодандағы елдің, отаршылыларға қанша жағымпазданса да, елді ерікті жолға әкеле алмайтындығын болыс, билердің түсінбейтінін Абай мысқылдап көрсетеді.

Абайдың суреттеуінде «оқылатын қазақ арасынан болыс болғандарды өз халқына қарсы қойып, бодандықтың бодауын орындатуға, өз еліне қарсы қойып, алдап-арбаудың, екіжүзділіктің, жағымпаздықтың, халыққа опасыздықтың сатиралық символы нышаны. Абай мұны әдемі келеке ету үшін келтіріп отыр; тон бағалы нәрселерден істеліп, бағасыз орынға жұмсалып, елін сыртынан сататын «шолақ белсенділерді» «шелтірейтіп» зымияндық мақсатқа қолдану, бодандықты бекіту үшін пайдаланатындығын, әрі надан болыстардың іс-қылығын әшкерелейтінді одан әрі, суреттеледі.

«... Күлмен қағып қасқайып, Салынып ап мақтанға шекпен киген болыстың жүріс-тұрыс өзгеріп, қампайып, жоқты-барды шатып... тон киген болыстың жүріс-тұрыс әдеті суреттеліп, оның кейіпсіз бейнесі толықтырылады. Мақтаннан басқаны білмейтін, ел алдында беделін тон жамылып тұрып, өзін дәріптеуді жөн көрген болыстың көзінің «күлмен қағып тұруы, бір

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

жағынан – оның жағымпаздығын көрсетсе, екінші жағынан - тек сырты күліп, ішінен арамдық ойлап отыратын екіжүзділігін, опасыздығын танытады. Болыстың мақтанға салынып «қасқайып» сөйлеуіне де Абай кекесін ретінде келтіріп отыр. Қасқайып сөйлеу халық ұғымында асқан шешендікті, білгірлікті, еш нәрседен қаймықпай сөйлеуді білдіреді. Біреудің топ жарып, тоқтамастан, әділдік айтқанда, шешендігін мақтағанда «Топты жарып қаймықпай қасқайып сөйледі-ау шіркін» деп, таңқалысатын. Ал бұл жерде жоқты-барды шатқанға» да қасқайып тұр сабазың. Осы болыстың көрсеткен әдеттерінің орынсыз екендігін әшкерлеген, автор, «Таң қаламын» деп, өзінің оғат қылықтарды ұнатпайтынын білдіреді.

Болыстың жалғыз өз басы ғана емес, оның жанұясының да дарақылығы «Үй мәз болып қой сойды, сүйіншіге шапқанға. Әуре қылды, салды ойды Үйдегі тыныш жатқанға»- деп, болыстың шенді шекпен алғанына үйі той қылып, жұртты мазалап, «Қуаныштарын бөлісуі» - сол кездегі, тіпті қазіргі кездегі көріністер. Сондықтан болыстың бейнесін, осы сал төңірегінде жинақтайды. Бұл тірліктің бәрі «Еш нәрсе емес жұбанар ақыл көзбен баққанға.» - ол шақырылғандар, өтірік болсада көзіне мақтап, көзге түсіп қалуға тырысатындар, шын мәнінде болыстың шен таққанына емес «Бір дәмдіні татқанына» жас баладай қуанғанын әшкерлеп, сынға алады. Болыс шен алдым, ұлыққа жақтым, ендігі ойы өзгелерді қақпанына түсіріп, тырп еткізбей ұстап, ұлыққа жақпақшы, бірақ ұлықтың түпкі ойы қандай екеніндігінде шаруасыда жоқ. Тек аз ғана билік құрған еліне, болысына өктемдігін жүргіссе болғаны. Абай болыстың бұл ісінің, бойындағы адамгершілік қасиетін, бекер төгіп шашып жүргенін білмеген болысқа «Осы да есеп боларма, ар, абырой тапқанға? Миың болса жолама, бос желігіп шапқанға» - деп басу айтады. Ал, сол кездегі көзі ашық, көңілі ояу азаматтар болыстың бұл ісіне адам бойындағы қасиетін, болымсыз істер үшін бекер төгіп шашып жатқандарға күлетінін де атап көрсетеді.

Абай өзінің үшінші сөзінде (4.90-91 б) «... хамма ғаламға белгілі данышпандар әрқашан байқаған әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз надан келеді; әрбір ақылсыз надан арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ өзі тиымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады...» (4.90-91) Абайдың ойынша, осындай қазақ арасындағы «Ешкімге достығы жоқтар» жақса адамдардың үстінен бекер, өтірік шапты, талады, ұрлады деген сияқты қылмысты істер қоздырып, басын дауға салып қояды, ондағы мақсаты « бағанағы жақсы адам» сайлауға жарамас үшін- деп түйіндейді Абай: Патша үкіметінің әкімшілік территориялық реформаларында, осылайша қазақтарды өз ара жау қылып, билікке таластырып қойса, патша чиновниктеріне жақсы, болыстыққа көзі ашық, көңілі ояу, елін сүйген жандарды қазақтың өз қолымен билікке жолатпай, тек «қорқақ, мақтаншақ, ақылсыз надандарды» билікке жеткізіп, солар арқылы бодандандыру саясатын іске асырып отырды. Ал билікке жетіп, «...Болыс болғандар, - дейді Абай,- өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзінде арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзімеде залал жасауға қолынан келеді» деген есеппен күн көрісін, ел басқару саясатын жүргізетіні айтылады. Абайдың бұл айтып отырған сәси пікірлері, қазірдің өзінде өз құндылықтарын жоғалтпағанын, ел басқару қызметінде жүргендердің бәрі біледі, бірақ еш жерде айта алмайды, айтатын болса жазаға тартылатынын әлеуметтік жүйелерден айтылып жүр.

Осындай ел ішіндегі дау-дамайды қалай шешуге болады деген мәселе Абайды да ойландырған. Абай сол заманғы, отарлық үстемдік еткен заманда, басы айналып, есенгіреп отырған халықты, жаңа жолға салуға мүмкіндігі бола ма деген үмітпен, отарлық жүйенің ішінен өзгертуге талпыныс жасап, ел басқаруға жаңаша келуге ұмтылады «...Үш жылға болыс сайланады. Бұл Ресей заңына сәйкес Әуелгі жылы «Сені біз сайламады па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді.

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

...Қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген» Абай, осы күрделі мәселені қалайша қазақ халқына жағымды етіп өзгертуге болатындығы ойландырады. Сол кезде Абай билік басына біріншіден - халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын» - дейді. Екіншіден - «...Орталарында ондай кісі жоқ болса яки бар болсада сайламаса, уезный начальник пенен военый губернатордың назначениесімен (тағайындауымен) болады десе, бұл халыққа пайдалы болар еді.» -дейді. Бұл ойын әрі қарай жалғастыра отырып, неге осылай ойлайтынының себебін көрсетеді. Біріншіден,- «Қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да - пайдалы іс, екіншіден - назначениемен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді. Оның үстіне назначение қылғанда болыстың осыған дейінгі сұрауы, тергеуі болса да, оған қарамаса, содан өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді деген ойларын ашық айтады.(4.92) Бұл ойлары, бодандықтан құтылу, тәуелсіздікке шақыру емес, бірақ Абай оны білмеді деуі шындыққа сая қояр ма екен?! Дегенменде, отаршыл үкіметінің халық арасында қазақтарды ең төменгі билікке таластыруы әдейі істеп отырған саясат екенін сезді. Сондықтанда, ел арасында болыстыққа білімді, әртүрлі тілдерді білетін, өз елінде салт-дәстүрін, ел билеу заңдарында, Қасым ханның, Есім ханның, Тәуке ханның заңдарын білгендер сайланса, ел арасында жікке бөлініп, өз ара таласқанша, халық тағдырын, ел мүддесін ойлайтындарды билікке әкеліп, елде тыныштық, бірлік, орнатуды ойластырғаны байқалып тұр. Дегенменде, Абай «шілтіген, дарахы» атаққұмар болыстарға, өмірінің мәнін, әкімшіліктен,ұлықтықтан емес, ғылым-білімнен іздеуге шақырады. «Жақсы, жаман болмассын, жамандықтан қашқанға,... Бір ғылымнан басқаның кеселі көп асқанға - деп жол көрсетуге ұмтылады, алдымен өнерге, білімге, ғылымға шақырады, осыны игергеннен кейін, ел басқаруға болатындығын айтады. Оны істемесең, «Үйтіп асқан жолығар, кешікпей-ақ тысқанға»-деп, әлін білмей әлектенгендердің ісінің немен бітетінін меңзейді. Иә, Абайдың бұл ойлары билікке келгендерді топтастыруда тек жеке ұлыққа ғана берілген емес, (1.101) білімді, ақылды, өз ісін толық білетін ғылымын меңгерген адамдардан таңқалса, тек мемлекеттік басқару жүйесі ғана емес, бүкіл еліміздің әл-ауқаты экономикасы өсіп, халықаралық жағдайы да жақсарар еді.

Абайдың «Уағалайқумұссалам» деп басталатын өлеңіде әкімшілік, ел басқарудағы саяси құндылықтар мәселесін көтерген өлеңдері қатарына жатады. Болыстың сәлемін алған Абай әзілін қоса амандасады. «Уағалайқумұссалам, болыс мал-жан аман ба?-деп алдымен малының, содан кейін жанының амандығын сұрағаннан кейін, «...Мынадайда кез болдың аума-төкпе заманға» - деп, қиын іске душар болғанын, яғни сол кездегі қазақ қоғамында қалыптасқан саяси ахуалда хабар береді. Бұл болыстың жеке басына ғана түскен қиыншылық емес, бұл бүкіл қазақ қоғамына, елдің ел болуына кедергі келтіріп отырған күрделі де қиын жағдай екенін білдіре отырып, болысқа «Ел билеген адам жоқ, ата менен бабанда,» - деп өзін сөгеді. Болыстыққа сонша құмар болуы, зор шығындалғандығын сынайды. «Болыстықтан пайда қып, шығыныңды алсаң, жаман ба?...оған келе де бермес шамаң да!» - деп болыстыққа құмар ақылсыз надандарды патша үкіметінің әуре - мазаққа салып қойғанын, ол оны көре, біле алмаған шенқұмарларды сынға алады, мысқылдайды. Өз іс-әрекетімен халық арасында беделден айырылған болысын, ұлықтан өлердей қорқатыны да атап көрсетеді. Оны Абай «Орныңнан тұра шабасың, Атшабар келсе қышқырып...», Я атшабар «Лепілдейді», «Қышқырады». Әйтеуір бір жай жүрмейтін «Лауазым», болыстың да зәресін алып, орнында отырғызбайды, ал «Ояз келсе қайтер ең, Айдаһардай ысқырып? - Я шынында да не істер еді. Ояз - айдаһар, болыс жемтік, бір ғана теңестірумен сол кездегі қалыптасқан әкімшілік басқару жүйесінің сырын ашып кетеді. Орыс үкіметінің қабылдаған әкімшілік-территориялық реформаларының терең сыры, тағайындалып қойылатын ұлықтардың басқару механизмінің тетіктерін «ұтымды» қолдану арқылы жергілікті халықтың үстінен

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

баюын қамтамасыз етіп отырғанын мысқылдайды. Болыстың дәрменсіздігін «Босқа - ақ түсіп қаларсың, Біреу кетсе үшкіртіп», - деп, болыстың тіреу жоқ, арқа сүйейтін халқы да жоқ, беделсіз болғандықтан, ұлықтар үшін, «үшкіре» салатын тұрақты қызмет емес екенін көрсетеді. Сонымен болыстың елге беделсіздігі, дәрменсіздігі, қорқақтығы, заманының әуре - мазағы екендігін, қызмет құмарлардың өз шамасына қарамай, сонша шығындалып болыс болуы, әуре - мазақ екендігі айтады, мысқылданады, елді қандай адам, қандай дәреже басқарса жақсы болатындығы туралы мәселе көтереді.

Абай шығармаларындағы басты кейіпкерлердің бірі - Ояз. Ол да қазақ елінің арасындағы дау жанжалдарға араласып, болыс ба, старшындардың да сайлануына тікелей ықпалын тигізе отырып, қазақ елі арасына патша үкіметінің отарлық саясатын іске асырушы тағайындалып қойылатын тұлға. Сондықтан ояз үстінен арыз жазу, ояз ісіне жоғарыға шағымдану мүмкін емес нәрсе. «Орысқа айтар сөз де жоқ, - дейді Абай екінші қара сөзінде, - біз құлы, күні құрлы да жоқпыз, (4.90),- деп орыс мемлекетінің құрамындағы қазақ халқының алатын орнын айтып күйінеді.

Абай шығармаларындағы билеуші кейіпкерлердің барлық іс- әрекеті, оқиға желісі, сол оқиға желісінің шарықтауы, шешілуі- бәрі, бәрі де оязбен байланысты алынып, ояздың келуі арқылы дамытылып отырады

Ояз (уездный начальник-ұлық), ауылдағы болыс ұқсас бейнелер. Болыс сырт көзге сайланып қойылатын тұлға сияқты болып көрінгенмен, оязсыз бұл билікке ие бола алмайды. Ол жағдай қабылданған әкімшілік-территориялық заңдарда ерекше атап көрсетілген. Оязға ұнамаса, ол адам жүз пайыз дауыс алса да, әскери губернатор бекітпеген. Олай болса, болыс ұлық адамы. Соның айтқанын істеп, сойылын соғушы. Олардың айырмашылығы тек қызмет бабымен ғана: екеуі де бір тілектегі, бірыңғай қызметтегі, бір мақсаттағы адамдар екенін сипаттаумен бірге, Абай олардың парашыл жандар екенін әшкерлейді. «Ұлықтар алып беремін деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр, - дейді Абай, он бірінші қара сөзінде, - ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр» (4.99-100).

Абай ұлықтардың халық ішінде бүлік салып жүрген ұры-қарыларды да қолдап пара алғандығымен қоймай, ел ішінде ананы да, мынаны да қолдап, алауыздық салып, елдің басын біріктірмеуге, негізгі көпшілікті, бодандықтың мән-жайын түсінуге мүмкіндік бермеуге тырысады. Өйткені ұлық-патша үкіметінің тағайындап қойған өкілі. Абай өлеңдерінде, қарасөздерінде, ұлық, халықпен араласпайтын, бойын аулақ салып жүретін, әмірші етіп алынып, әділ әшкереленеді. Ояз ауылға шықса, жәй келмейді, елді дүрліктіріп сыяз шақырып, салық жината т.б. келеді, оны іске асыратын болыс болғандықтан, ол байқұс күні бойы далпылдап, жалпылдап, барқылдап, тарпылдап шабатын болыстың ісіне риза болмай шартылдап жатқан оязды көреміз. Ояз халықпен араласпайды. Халық ояздан әділеттік тілеп бармайды, тек ояз алдында болыстың қылмысын өздері ашып, ояз алдында бетіне басады. Оязға керегінің өзі де осы. Енді болысты тұқырайтып ұстауға мүмкіндік алады.

Абай өзі өмір сүрген кездегі ояз, болыстармен қатар бидің де бейнесін жасап кеткен. Билер туралы аз жазғанмен олардың да ел үстінен күн көріп, бұрынғыдай билік үшін ақы алып емес, пара алып, күн көретінін, көрсетеді. Халық ұлық алдында болыстың алғандарын әшкерлеп жатқанда, әшкерленген болысты жақтамай, одан түсетін пайда жоқтығын ескерген биді Абай «Қайрауы жеткен қатты би, Қайрылып нетсін көңілді, «Өз малым» деп қойған мал иесіне берілді», - делінеді «Болыс болдым мінекей өлеңінде (1.107) Бидің қайрауының жеткендігі, оның бір істі істеуге толық бекінгендігін білдіреді. Ұлықтың алдында зорлық— зомбылығы, тартып алған дүниелері, қылығы әшкерленген болыстың алғандарын, иелеріне қайтаруға үкім шығармаса, малын қайтармаса, өзінің жағдайы қиын боларлығын білген би, бір сәт болса да әділ үкім шығаруға мәжбүр. Себебі орнынан айрылып қалуы мүмкін.

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

Абайдың би мен болыстың парақорлығын, әділетсіздігін мансапқорлығын әшкерленген бейнесіне «..Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (1.46,47) деген өлінде «..Би мен болыс алады күшін сатып, Мен қазақтан кегінді әперем деп,- деген сөздерімен болыс пен бидің әкімшілік қызметін пара алуға пайдаланатынын сынайды.

«Бөтен елде бар болса»- өлеңінде (1.86,87) ел ішінде қалыптасқан жағдайды, «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды», деп, ел қамын жеген «Билер кеңесі» сияқты өкілетті органдар жоғалып, оның орнына, «ұзын құлақ» келгенін ескертеді. Ол елді бірлікке емес, қорлыққа апаратынын меңзейді. Себебі «Ел жамаған билер жоқ, Ел қыдырып сандалуының мақсаты. «Астыртын барып жолығысқан, Ақша беріп жалғасқан, Ақысын әрең сол алды» билердің де қыдырып жүріп, пайда тауып, пара алып, солардың мүдделерін қорғап, жүрген билерді «Бас басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқпа елдің сиқын?» - деп елдің билік жүйесінің тойғандығын көрсетеді (1.50) Абай үшінші қара сөзінде билердің түк бітірмей, халықты тек қатты шығынға ұшыратып жүргендерін айтып, былай дейді: «Әрбір болыс елде старшын басы бір би сайлағандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді». (4.92). Абай билер жүйесін жақсартса ел дау-жанжалдар азаятындығына сенеді ол би болатын адам «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәукенің «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескеріп бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына тартымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек», - деп, билер жүйесіне білімді, білікті халық арасында бұрыннан қолданылып келген заң жүйелерін билетін, ақылға салып жаңа заман талабына, өзгерістеріне сай, өзгерте алатын адам іздесе, екінші жағынан жұп билер таласып дауды көбейте бермес үшін, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ адам билікке жыл келісіммен сайланса. Олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпен түссе, әйтпесе түспесе... Сынды дау көп ұзамай бітім болар еді», - деп тұжырымдайды.

Қорыта келгенде, жеке талданып, аттары аталған өлеңдері Абайдың 1880-1890 жылдары ішінде жазылған өлеңдерінің ішінде ерекше орын алады. Олар әкімшілік тақырыбына арналған өз алдына дербес сюжетке құрылған. Өлеңдерінде автор сол кезден әкімшілік ісінің ең азғындаған типтік көріністерін алып, әкімдердің сатиралық типтерін бұл сюжеттің желісі етіп суреттейді. Бұл алынып отырған көріністер сол дәуірге типтік болуымен қатар, ел ішіне іріткі салған, енбекші халықтың құқысын таптап, құл еткен, ел басқару ісін азғындаған қоғамдағы ең барып тұрған кесепат деп қаралап, ұлы мысқылды сатирамен әшкереленеді.

Әкімдердің әділетсіздіктерін, зорлық-зомбылықтарын әшкерлеуде автор өткір сатираны құрал етіп, жана әдістерді, шебер интонацияларды қолданып, әр өлеңдегі оқиғаны баяндау әдістерін де сан жолмен береді. «Мәз болады болысың» да мансапқор болыстың дөрекі қылықтарын сырттай баяндаса, « Уағалайқумүссалемінде» болыспен көзбе-көз сөйлескен түрде, суреттейді. Ал, «Болыс болдым мінекей» - де, автор болыстың атынан өзі сөйлеп, объект мен субъект біртұтас қабысып кетеді. Демек, өзін-өзі әшкерлейді. Бұл әдістер өлеңдегі сатиралық мысқылды күшейтіп, көрсете түседі.

Осы әдістер арқылы берілетін әкімдердің сатиралық типтерінің күлкілі, мысқыл жақтары көбіне олардың халыққа беделсіз әкім болуларында, екі жүзді мінез қолданып, ұлыққа жағынуларында. Олардың ең басты белгілі әкімдердің әкімшілік ісін жүргізе алмай, босқа әуре, ұлықтың қол шокпары болуында. Бұл жағдай сол кездегі әкімшілік ісінің шешусіз трагедиясы деп қаралып, оны шешу сендердің қолдарыңнан келмейді, сендер азғындап барасындар деп шенейді.

Әкімдердің осы сияқты сатиралық тип, күлкі-мазақ объектісі болуларының себебі: біріншіден,- олардың заманы қайшылықты тартысты болды, екіншіден,- олар надан, топас болып, ескі салтты жақтап, елді талас-тартысқа түсірді. Сондықтан прогрестік жолды, ағартушылық бағыты ұстаған Абай ел әкімдерін сол кездің кесепатты, мысалы, халықтың

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

қанаушысы деп бағалайды. Міне, автордың сатиралық мысқылы осыған негізделіп, реалистік түрде беріліп, халықтық тұрғыдан қаралады, ағартушылық, бұқарашылық көзқарасының негізінде қарастырылады.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 454 б.
- 2 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. 2 том. Алматы, 1977 ж. – 459 б.
- 3 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы». – т.1: өлеңдер мен аудармалар – 2004. – 296 б.
- 4 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы». – т.2: қара сөздері, поэмалары. – 2004. – 336 б.
- 5 Абай. Қалың елім, қазағым...өлеңдер. – Алматы «Атамұра», 2002. – 224 б.

Ж.А. Ахметов, А. Бекзатова

#### **Проблема политических ценностей в творчестве Абая**

**Аннотация.** В связи с полной коллонизации Российским государством казахского народа в XIX веке Абай обращает внимание на полное изменение системы государственного управления казахского ханства, методы властвования, властвующие личность, особенно на тех, которые непосредственно работает с казахским народом в реализации указание вышестоящих начальства. Критическом взглядом Абай высмеивает поведение тех людей, кто так стремится к власти, методы и поступки используемые к достижение к этой цели, основные цели, поведение должностных лиц в этой иерархической властвующей системе. В статье делается попытка сравнительного анализа тех негативных явления в системе управления и поведения должностных лиц в XIX веке и современном Казахстане, предлагается некоторые предложение в исправление тех негативных явления системе управления в сторону демократические изменения.

**Ключевые слова:** Абай, колония, ханские управления, окружная система, ага султан, волостной, старшин, би, связной, уездный начальник (ояз) военный-губернатор, царская Россия, демократическая Россия, управлять народом, государства, независимый народ, административно-управленческая система, управленческая личность, борьба групп, съезд, подати, без результатность, халат-чапан, шелтірейтіп, человек, трус, неустойчивый, хвостун, неумный, неграмотный, без чести, человек имеющий русское образование, назначение, смысл жизни, искусство, знание, наука, не устойчивое время.

Zh. A. Akhmetov, A. Bekzatova

#### **The problem of political values in the work of Abay**

**Annotation.** In connection with the complete collonization of the Kazakh people by the Russian state in the 19th century, Abay draws attention to the complete change in the system of state administration of the Kazakh Khanate, the methods of power, the ruling personality, especially those who directly work with the Kazakh people in implementing the instructions of higher authorities. With a critical look, Abay ridicules the behavior of those people who are so eager for power, the methods and deeds used to achieve this goal, the main goals, the behavior of officials in this hierarchical ruling system. The article attempts to make a comparative analysis of those negative phenomena in the management system and the behavior of officials in the 19th century and

**Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

modern Kazakhstan, proposes some suggestion to correct those negative phenomena in the management system towards democratic change.

**Key words:** Abay, colony, Khan's administration, district system, Aga Sultan, volost, foreman, bi, Svyaznoy, district chief (oyaz) military-Governor, tsarist Russia, democratic Russia, manage the people, States, independent people, administrative and managerial system, managerial personality, struggle of groups, SYEZD, taxes, without results, khalat-chapan, sheltireitip, man, coward, unstable, braggart, stupid, illiterate, without honor, a person with a Russian education, purpose, meaning of life, art, knowledge, science, is not a stable time.

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

МРНТИ 11.15.25

Ж. А. АХМЕТОВ<sup>1</sup>, Р. ЖУМАБАЙКЫЗЫ<sup>1</sup><sup>1</sup>Қарағанды индустриялық университеті, Теміртау қ., Қазақстан

### **АБАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

**Андатпа.** Ресейдің толық бодандығына түскен қазақ халқы үшін өте бір ауыр кезеңде өмір сүрген Абай ағамыз, сол кездегі қазақ халқының арасында туындаған жағымсыз қылықтарды ашып айтып қана қоймайды, оның себебін іздестіріп, қайткен күнде олардан құтылуға болатын жол іздестіреді. Мақалада қазақтарды бір-бірімен жауластыруға, қызметке таласқыш болатындына итермелейтін себептің ең бастысы, бодандық, жердің тарылуы, мал жайылымының азайуы, дау-жанжалдардың көбеюі бұрынғы билік жүйесінің жойылуы т.б. себептерді автор талдай білген. Болыстыққа сайланған қазақтар да елі үшін емес, өз басы үшін жан ұшырып жүргеніне көңіл аударылады. Осындай келеңсіз құбылыстардан құтылу үшін, Абай ағамыз өз ұсыныстарын айтып кеткен. Біріншіден, болыстыққа сайланатындар орысша білімі болса, ал егерде ондай кісі табылмаса, тағайындалса өз ісін әркімге жалтақтамай дұрыс атқарар ма еді деп ойлайды. Екіншіден, дау-жанжалдарды әрі тез, әрі әділ шешу үшін тақ билер сайланса және олар орнынан кінә жасағанда ғана түсірілсе. Үшіншіден, егін егу, сауда, қолөнер ғылыммен айналысудың қажеттігін, сонда ғана дұрыс өмір кешетінімізді көрсетеді. Мақалада, Абай айтқан әлеуметтік-саяси құнды пікірлерін, қазіргі Қазақстанның даму кезеңіндегі мәселелермен салыстыра, жандандыра, қиылыстыра отырып талданылады. Бұл әдіс мақаланың ХХІ ғасырда да өз құндылығын жоғалтпағанын білдіреді.

**Түйін сөздер:** Абай, Еуразия, қазақ хандығы, отарлау, әкімшілік территориялық реформалар, қаскүнем, кең-байтақ дала, бодандық, бөліп ал да, билей бер – болыстық, зауыт-фарика, мамандық оқу, білім алу, технология, Хауас Сәлим, жибули, қуат, Бахас, Мулахаза, Мухафаза, кесел, тамыршылдық.

Абайдың өмір сүрген кезеңі, қазақ халқының басына түскен ауыр да азапты кезеңдердің бірі еді. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы үшін бұрынғы өмір салты бұзылып, Ресейдің толық боданына түскен кезеңі еді. Еуразия даласында қалыптасқан күн райына бейімделген арғы аталарымыз осы жерге тиімді, жаңа шаруашылық түрі – көшпелі мал шаруашылығын қалыптастырды, халықтың әл-ауқатын жақсартты. Ал қазақ хандығы тұсында, осы жерлер жүздерге, тайпаларға, руларға бөлініп беріліп, сонау Оңтүстік жетісу мен Сырдария, Амудария өзендерінен бастап терістігі, Тобыл, Есіл, Нұра, Ертіс өзендеріне дейін, шығысында Алтайдан, батысы Еділ, Жайық өзендерінің арасында еркін көшіп жүріп шаруашылығын өрістеткен, сауда, қалалар өсірген қазақ хандығын Ресей өзіне бағындырып отарлау барысында біртіндеп бекіністер салып, әскери шеп құрып, қазақтарды бұрынғы көшіп-қонып жүрген жерлерінен қуып, жер көлемін тарылта бастады. Оның үстіне қазақ жеріне ішкі Ресейдей шаруаларды әкеліп жаппай қоныстандыруы, шұрайлы жерлерден қазақтарды айырды. Ол аз болғандай 1822, 1824, 1867, 1868, 1886, 1891 жылдарда Патша үкіметі жүргізген әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде қазақ халқы өзін-өзі билеу құқығынан айрылды. Бұрынғы мындаған жылдарда өмірде тексеріліп қалыптасқан тайпалық-рулық-территориялық бірлікте жойыла бастады, себебі әкімшілік-территориялық бөлініс барысында бұрынғы рулық-территориялық жүйе ескерілмеді, осыдан барып рулық бірлестік бірнеше әкімшілікке бөлініп кетті. Енді туысқан адамдар ұлықтардың рұқсатынсыз екінші әкімшіліктегі өз руына барып қосыла алмайтын болды. Бұл бодандық

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

саясат ел ішінде үлкен дағдарыс тудырды. Бір әлеуметтік-экономикалық басқару жүйесінен, екінші бір басқа жүйеге ауысу, алдын-ала алғышарттар жасалмаса үлкен дағдарыс тудыратындығын, кеңес өкіметі ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер пайда болғанда әсіресе Қазақстанда демократиялық басқару жүйесіне, әрі нарықтық экономикаға қысқа уақытта көшеміз деп, бұрынғы жұмыс істеп тұрған зауыт-фабрикаларды, совхоздарды таратып бөліп-бөліп жеке меншікке бергенде туған «өтпелі кезең» дағдарысын көзі қарақты адамдардың бәрі себебін біледі.

Иә, Абай да, адам баласы, өз заманының туындысы. Сол кездегі халықтың басына түскен ауыртпалықты, осындай жағдайда өмір сүріп отырған қазақ халқының арасында туындап жатқан жағымсыз қылықтарды дәл көрсетіп, оның себебін іздестіруі және осыдан шығу жолдарын қарастыруы, Абайдың өз заманы адамдарынан бір көш ілгері екендігін, ойшылдығын, даналығын көрсетеді.

Абай өзінің үшінші қара сөзінде (4. 90.91) «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғының, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не?» - деп сұрақ қойып сол кездегі жағымсыз қылықтарды дәл басып айтады да, себебін іздестіреді. Әрине көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қыр қазақтары үшін мал басын көбейту, күн көріс көзін жақсартудың басты көзі екендігін ешкімде жоққа шығара алмайды. мал әрі тамақ, әрі киім, әрі баспана, әрі ақша. Әрбір мал іздеген адам малының көп болғанын, балаларының да малды болып күн көрісі жақсы болғанын қалайды. Ал осы мал көбейсе,... қыстауы тарлық қылса,... біреуін қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Мәселенің басы осында жатыр. Бұрынғы кең байтақ далада мал жаятын, мың-мыңдап өріп жүретін жерлер бодандық саясаттың арқасында «келімсектердің» қолында кетті. Патша үкіметінің саясатының өзегі қазақтарды жерге, билікке өзара таластырып қойып жүргізген «Бөліп таста да, билер бер!» саясаты, өз жемісін бере бастады. Оны дәл байқай білген Абай - » малдан айырылғандар көбейсе, кедейленсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық.» - деп, бодандық саясат ел ішінде іріткі салып жатқандығын көрсетті. Дау-жанжал, ұрлық-қарлық тиылмады. Ел екіге шар болған соң, - дейді Абай, - кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады. (4.91). әрине қолдаушысы болса, қорықпастан ел арасында ұрлық-арлықпен айналысатын топтардың болатындығын қазір де ешкім жоққа шығармас. Сол кездегі Абай айтқан мұндай жағымсыз құбылыстар әсіресе өтпелі кезеңдерде барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанның тәуелсіздікке өту кезеңінде, алыпсатарлар көбейген кезде «рәкет» дегендердің зорлық-зомбылығын куәгері болғанбыз. Абай өмір сүрген кезеңде ел ішінде ел қамын ойлайтын жақсы адамдар болған. Бірақ ондай адамдар болыстыққа өтіп кетпес үшін, олардың үстінен алдын-ала «домалақ» арыздар жаздырып, үстерінен қылмысты істер қозғап, жауапқа шақырып, бастарын қатерге салып, патша үкіметінің «қара тізіміне» қосып қоюына жақсы болған. Осылайша қазақтарды бір-біріне айдап салып, арада жік тудыратын, ұлықтардың арқасында қақына мәз болатын, айтқанынан шықпайтын болыстарды сайлатып отырған. Бұл надан, болыс болғандар, өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды (әділ, өз күнін адал еңбегімен көрушілер) қадірлемейді, өзіндей арам, күшті қуларды қадірлейді, өзіме адал дос болып, жәрдемі тиер деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келер деп ойлаған. Сонымен қулықпен сайланған болыс үш жылға сайланады. Әуелгі жылы дауыс бергендердің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен алысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы да болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Осындай болыс болғандар елдің қамын ойлауға

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

өресі жетпейтін ел билеушілердің салдарынан халықтың жағдайының жылдан жылға төмендеп бара жатқанын байқаған Абай, келеңсіз жағдайлардан құтылу үшін, халықты дұрыс жолға бастау үшін не істеу керек деген мәселеде, өз ұсыныстарын білдіреді. Оған: біріншіден, халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын. Егерде болыс орысша білімді кісі болса ұлықтың алдында желді күнгі қамыстай, жапырылып иілмей, басын тік ұстап, тең дәрежеде сөйлесе алар еді. Сонда болыс, ұлыққа қазақтың мұң-мұқтажын дәл, толығымен жеткізе отырып, дұрыс шешкен болар еді». Екіншіден, орталарында ондай кісісі жоқ болса, сайламай-ақ ұлықтар тағайындап қойса, олда болыстың өз жұмысын дауыс бергендерге қарыз болмай атқаруына, олардың бұлданып болысқа тиіспей өз жөндерімен жүрсе, болыс өз жұмысын адал орындауға мүмкіндік туса... бұл халыққа тек пайдалы болар еді, - деп ойлайды. Үшіншіден, старшын басы бір биден емес, әрбір елде толымды – білімді үш кісіден жыл кесілмей сайланса, олар орнынан жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе - дейді Абай. Оның себебін өзі көрсетеді. Біріншіден, қызмет-құмар азақ балаларына образование беруге ол да пайдалы іс, екінші назначениемен болған болмыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді. Үшінші – «Би екеу болса, дау төртеу болады» - деген халық мақалын келтіре отырып, жұп билер таласып, дау көбейте бергенше, тақ билер, дау туған жағдайда үшіншісіне жүгініп отырса, дау көп ұзартпай бітім болар еді – деп ойлайды. Сонда ел ішіндегі дау-жанжалдар, ұрлық-қарлық сияқты жағымсыз қылықтар тиылып, ел бірлігі нығайып, өркендеуге жол ашылатын, бейбіт өмір қалыптастыруды ойластырған. Абай мал басын көбейткенді, халықтың әл-ауқатының жақсартуына қарсы емес, тек малды адал жолмен, өз еңбегімен тапқанын қалайды. Дегенмен де бұл қазақ халқының басқа елдерден қалмай, терезесі тең болуына жеткіліксіз екенін, ол үшін басқа да кәсіпті жандандырғанын қалайды. Ол егін егу, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселермен шұғылданса, көрші халықтар сияқты еңсесі биік болып, өмір сүрер едік деп ойланады. Мәселен, көрші өзбектер болса, «екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өздерімен өзі әуре болып, бірі мен бірі, ешбір шаһары жауласпайды!». Олар орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін (кебінін), тірісінің киімін солар жеткізіп тұрды. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Ал ноғайларды алатын болсақ «...солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, өз елімізде отырып, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз кош алушымыз. Ал орыстарға айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз» - деп қорланады Абай. Осылардан қалмау үшін, солардың кәсібін үйрену «...Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп, ойлап, мал ізде. Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап. Қуансаң қуан сол кезде... Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей» - деп (1. 118, 119) Абай атамыз өз ұрпақтарына жол сілтейді.

Абай атамыздың сөздерінен, қазіргі Қазақстан үшін де үлгі боларлық әлі де өз құндылығын жоғалтпағай ойлары жеткілікті. Біріншіден, шет елдерден инвестиция тартуда Орта Азия елдерінен көш ілгері келе жатырмыз деп мақтанамыз. Сол инвестицияға неге өзіміздің шикізатымызды дайын затқа, тұтыну затына айналдыратын зауыт-фабрикалар салынбайды. Көрші отырған өзбек ағайындар сияқты ауыл шаруашылық машина-тракторларды, қол-жетімді жеңіл көліктері өзіміздің ахиреттігіміз бен тіріміздің киімін шығармаймыз. Біз болсақ кезінде жұмыс істеп тұрған мақта-мата, көкөніс, тері илейтін өндіріс орындарын тоқтаттық. Соңғы отыз жылда тоқтаған мақта-мата, комбинатын, әр облыстардағы трикотаж фабрикаларын, Павлодардағы трактор зауытын, мұнай өңдейтін зауытын қалпына да келтіре алмай отырмыз. Екіншіден, инвестициялар келіп, қаншама жеңілдіктерге ие бола отырып, біздің жер қойнауындағы, жер бетіндегі байлықтарымызды

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

алып, байып жатыр. Олай болса, оларға жұмысқа адам тартқанда, жұмыс алушылардың елу пайызын мемлекет құрушы ұлт өкілдерінен алып, бір бес жылдықта тоқсан пайызға жеткізетін талаптар қоймаймыз. Үшіншіден, инвестиция елімізге жаңа технология әкеліп, жаңа зауыт құрулары тиіс. Кадрлар керек. Ол Қазақстанда бар ма, бар. Шет елдерде оқып жүр, талай қазақ баласы – жаңа өспірім, көкөрім, бейне қолдың сапасы. Осылар кадрлық резерв емей немене, ол аз болса, өз елімізде технологиялық мамандық алып жатқандар қаншама. Тек, реттеп отыру керек. Сұранысқа – ұсынысты үйлестіру қажет. Төртіншіден, жаңа технология жаңа ғылым саласын дамытуға итермелейді. Абай айтқандай «... Болмасан да ұқсап бақ. Бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеніз» (1. 65-66). Ол үшін, мемлекет балаларды жастайынан ғылымға бейімдей алатын үш ауысымды мектептер емес, елімізде бір ауысымды мектептер қай жерде керек болса, сол жерлерде құрып, мұғалім де өзінің білімін өсіруге үнемі іздеуде болатындай мұндіктер жасалса, сонда жасөспірімдерге «Ғалым болмай немене, балалықты қойсаңыз» - дер едік. Абай отыз сегізінші қара сөзінде. «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» байланысты екендігін және ол үшін қажет нәрселерді тізбектеп көрсетеді. әуелі Хауас Сәлим (өзіндік дұрыс қасиет, өзіне тән мінез-құлық) һәм тән саулығы керек. Бұлар адамда туысынан болады, бірақ оларды ары қарай жетілдіріп, сөндіріп алмас үшін, «...жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздардың» еңбегі қажет-ақ. Себебі «...Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша...», демек бала бойындағы шырақты мәпелеп баптап отырып, өз бойында білім-ғылымға деген, жаңалыққа деген құштарлығын, сезімдік, жақсы көруіне дейін жеткізуге алғышарт жасалса, бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады, - деп түйіндейді Абай. Баланы жастайынан білім-ғылымға үйірсек қылу үшін жақсы ата-ана, құрбы, ұстаз керектігін Абай өзінің қырық үшінші сөзінде (4.150) қозғайды. Адам көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскем, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнеше өз суретімен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші сезім мүшелерінен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибилі (туа біткен қасиет) қуаты. ...Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады». Олай болса ұрпақ бойындағы қуатты зорайтатын ұстаздар біздің қазіргі Қазақстанымызға керек екендігі дау тудырмайтын мәселе. «Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз». Ал жиған-тергендерін таразылай алмаса, ол тек хабары көп адам болады. Бізге ақылды қазір де жиған-тергендерін таразылап отыратын ұстаздар керек-ті. Сонымен, Абай білім-ғылымды дамыту үшін керекті алғышарттарға ғана тоқталып қоймай, білім-ғылымды үйренбекке талап қылушыларға нені білу керектігіне де көңіл аударады. Отыз екінші сөзінде (4. 117-118) Абай, талап қылушылар «әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Әрбір білгенің көңіліңе бір рахат сенімді, күйді ұялатса, ал әрбір білмегеніңді білгенде көңілің сондай бір рахат күйге түссе сонда ғана ізденушінің бойында, білмегенді білсем екен деген үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, оқығаныңды, көргенді, жасаған экспериментіңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып аласыңда мейірленесің». «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Екіншіден ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа (қиянат жасау, алдау) бола үйренбе» ... көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Үшінші – әрбір хақиқатқа

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

тырысып ижтиһатыңмен көзін жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар. Ол адам ішінде: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі затты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды. Бесінші - ... ақыл кеселі деген төрт (уайымымыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну: бір нәрсеге құмарлық пайда болу) нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер. Содан қашық болу керек. Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, жемқорлықпен... мінездің беріктігі бұзылса, ғылымды сақтайтын орын жоқ. Сондықтан да Абай атамыз «қылам дегенін қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын!» деп өсиет қалдырды. Бүгінгі білім, ғылым қуған жас ұрпақ үшін де, тіпті мүйізі қарағайдай ғалымдар үшін де құндылығы жойылмайтын қағидалары мен өсиеттерін еске алып, өмірде басшылыққа алып жүрсек қателіктерден, араздықтардан, өсек-аяннан, арызданушылықтан ада болар ма едік!!! Бесіншіден, қазақ арасында қолөнерді өркендету. Отыз үшінші сөзінде (4. 119) «...мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерші – қазақтың әулиесі сол». Тарихта қолөнерші адамдарға даян зат ұсынған күнделікті тұтыну заттарынан бастап, баспана, еңбек құралдары, қазақтың бес қаруы т.б. сол қолөнершілердің туындысы. Қазіргі Қазақстанымызға керегі де сол дайын зат. Елімізде бұл салада да көптеген жұмыс жасалып жатыр. Бірақ жеткіліксіз. Бастысы дайын зат шығаратын ірі зауыт-фабрикалар салу керек. Соларда жұмыс жасайтын слесарьдан бастап, программисттерге дейін яғни қазіргі заман қолөнершілерінің еңбек ететін орны болса, өз қажетті тауарларымызды шет елден тасымай, өзімізде жеткілікті шикізаттарымыздан өндеп шығарып отырсақ, экономикамызда, халқымыздың әл-ауқаты да жоғарғы дәрежеде болар еді. Сонда ғана 30 елдің қатарына қосылар едік. Абай қолөнердің қажеттілігіне тоқталып қана қоймай қолына аз-мәз өнер берген қазақтардың кеселдерінде тізбектеп көрсетіп, осылардан аулақ болуға шақырады. Оның біріншісі - ...өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді, қолындағы аз-мазына мақтанып, осы да болады деп жатып алады. Жаһандану заманында қазақтар үшін Абайдың бұл ойы әлі құндылығын жойған жоқ.

Тіпті, мына көрші отырған Қытай елінен де көп нәрсені үйренуге болады. Дүние жүзінде шығатын барлық тұтыну заттарының қытайлық баламаларының бар екенін, төл тумадан айырмашылық жоқ, бірақ өзі арзан қолжетімді болғандықтан, өзі өтімді тұтыну заттарының бар екенін біледі, ол зат көшірме болса да, дүние жүзі халықтары қолданады, әрі өтімді. Біздің елімізде шикізат бар, ал осы әдісті қолданып, сол шикізаттан дайын зат шығармасақ болмас па еді.

Екіншіден – ерінбей істей беру, кісімінбеу, кербездікке салынбау. Үшіншіден – «Өнерлісің ғой шырағым», нең кетеді, ананы істеп бер!» дегенге «мағанда біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауда, уақытын босқа өткізіп алудан аулақ болу. Төртіншіден – тамыршылдау болуы. «Жоғары шыққа» қарып болып, күнделікті тіршілігін ұмытып, қарызы көбейіп табысы құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Қолдарынан өнері тамған адамдардың осындай кеселдерден аулақ жүруі қазіргі Қазақстандықтар үшін де маңызды «Адам болам десеңіз... Бес нәрседен қашық бол, өсек, өтірік, мақтаншақ. Еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның білсеңіз... Бес нәрсеге асық бол – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс көнсеңіз», - деп бүгінгі бар Қазақстан халқын адамдыққа шақырып тұрған сияқты.

## Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абай (Ибрагим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 том – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 454 б.
- 2 Абай. II том. Алматы, 1977. – 424 б.
- 3 Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: жазушы. – Т.1: Өлеңдермен аудармалар, 2004. – 296 б.
- 4 Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: жазушы. – Т.2: Өлеңдермен аудармалар, 2004. – 336 б.
- 5 Абай. Қалың елім, қазағым. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

Ж.А. Ахметов, Р. Жумабайқызы

#### **К вопросу социально-политические взгляды Абая**

**Аннотация.** Период становление как личность Абая соответствовал один из тяжелейших периодов жизни казахского народа, т.е. полное колонизаций Российской империи. В своих произведениях Абай не только искал причины негативных явления среди властвующих субъектов казахского народа, но и искал причины и пути освобождения от тех негативных явлениях. Автор основываясь на произведение Абая, раскрывает причины негативных явления того времени, а также пути выхода от этих трудностей. Это: во-первых, «претенденты на кандидатуру волостного имел хорошую русскую образование, которую хорошо разобрался в политике; во-вторых, если нет такого претендента, тогда волостной назначили уездным начальником военным губернатором, тоже был бы полезный для волостного выполнения своих обязанностей; в-третьих, для решения быстро и справедливо спорных вопросов среди казахского народа, бий выбирались не по одному человеку, а по три человека образованных, хорошо знающих традиции и обычий народа – чтобы при голосовании, третьи имел решающие голоса, которые имеют не мало значений при решении спорных вопросов; четвертое, казахи как соседные народы у себя должен развивать земледелия, торговля, рукоделия, науку. Только тогда утверждает Абай, казахский народ могут жить на равне с другими народами».

Те социально-политические ценности предложенные Абаем еще XIX веке и сегодня имеет значимости для Казахстана и значимость статьи заключается в том, что те ценности предложенными Абаем, анализируется сопоставляя с современностью Казахстана.

**Ключевые слова:** Абай, Еуразия, казахские ханства, колонизация, административно-территориальные реформы, враждебность, широкие-просторные край, колония, разделяй и властвуй, волостной, би, земледелия, торговля, рукоделие, знание, наука, инвестиция, заводы, фабрика, специальность, учеба, технология, Хауас Сәлим, жибилі, энергия, Бахас, мулахаза, мухафаза, кезел, кумовство.

Zh. A. Akhmetov, R. Zhumabaykyzy

#### **To the question of socio-political views of Abay**

**Annotation.** The period of formation as a person of Abay corresponded to one of the most difficult periods of the life of the Kazakh people, i.e. the complete colonization of the Russian Empire. In his works, Abay not only sought the causes of negative phenomena among the ruling subjects of the Kazakh people, but also sought the causes and ways of liberation from those negative phenomena. The author, based on the work of Abay, reveals the reasons for the negative phenomena of that time, as well as ways out of their difficulties. This: first, " the candidates for the volostny candidacy had a good Russian education, which is well understood in politics; second, if

**Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

there is no such candidate, then volosnoy was appointed a district chief military Governor, also would be useful for the volost to perform their duties; third, to resolve quickly and fairly disputed issues among the Kazakh people, the Biy was chosen not by one person, but by three people who were educated, well – versed in the traditions and customs of the people-so that when voting, the third had the decisive votes, which have not a few meanings in resolving disputed issues; fourth, the Kazakhs as neighboring peoples should develop agriculture, trade, crafts, science. Only then, says Abay, the Kazakh people can live on an equal footing with other Nations."

Those socio-political values proposed by Abai in the NINETEENTH century and today have significance for Kazakhstan and the significance of the article is that the values proposed by Abai are analyzed in comparison with the modernity of Kazakhstan.

**Key words:** Abay, Eurasia, Kazakh khanates, colonization, administrative and territorial reforms, hostility, wide-spacious land, colony, divide and rule, volost, bi, agriculture, trade, Handicrafts, knowledge, science, investment, factories, factory, specialty, study, technology, Haus Salim, zhibili, energy, bahas, mulahaza, governorate, kezel, nepotism.

**Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

ГРНТИ 16.01.07

A.K. ZHUNUSOVA<sup>1</sup><sup>1</sup>Karaganda State Industrial University of Temirtau, Kazakhstan

PHRASEOLOGICAL UNITS OF UNRELATED LANGUAGES

**Abstract.** This article discusses the comparison of phraseological units in three languages: German, Russian and Kazakh. The phraseological units of each language constitute certain difficulties in intercultural communication, as they reflect the realities of national history and culture and are not entirely understood by representatives of other countries and cultures.

Using the methods of cognitive linguistics proves the unity and parallelism in phraseological systems of different languages.

**Key words:** intercultural communication, phraseological units, cognitive linguistics, linguistic picture of the world, national-cultural marking.

Globalization of the world, the mastery of foreign languages, the multinational composition of the population of most states, the differentiation of society into a wide variety of layers, groups, etc. with all acuteness put in the spotlight of the public and the humanities an extremely important problem - intercultural communication. It is safe to say that the knowledge and systematization of linguistic, cognitive, psychological, communicative, value-appraisal and other principles and patterns of intercultural communication will positively affect the development of a strategy for international cooperation and interethnic relations. The fact that the latter can suddenly, at any moment explode, including due to non-compliance with diplomacy and ethics of interethnic communication, is no secret to anyone.

Among the many factors that complicate the mutual understanding of participants in communicative interactivity or interethnic communication, phraseological units occupy a special place. It is understandable, because phrases that mostly reflect the realities and facts of national history are drawn into the phraseological process. culture, lifestyle features of a particular people, and therefore little or completely incomprehensible to representatives of other countries and cultures. That is why when teaching foreign languages and in acts of intercultural communication, a module of background knowledge is so necessary [1,2]. Indeed, for representatives of many peoples of Russia and the Central Asian region, the image, the internal form of the German phraseological unit *jmdm ist Hopfen und Malz verloren* - the letters "hop and malt disappeared from someone with the relevant phraseological meaning" it is incorrigible "seems strange and incomprehensible. For people from European countries, the figurative foundations of such phraseological units as "a bear has stepped on the ear" or "which auzinan shop almaydy" - , "he will not take a sheep and a straw from his mouth", are equally strange and outside the sphere of their sensitivity. the value "He's harmless." The idio-ethnicity of the semantics of phraseological units of different languages remains relevant even if they are built on the basis of the designation of the same phenomenon of reality with the same social significance. Take, for example, such an artifact, which is defined as "a fatty substance made from animal, plant-derived substances" and phraseological units, in the structure of which this concept is basic - in German: *jmdm faellt die Butter vom Brot* - . "someone has butter from bread", phraseological meaning "someone is disappointed." *Butter auf dem Kopf haben*-letters. "have oil on your head" phraseological meaning "have remorse", in Russian: "add oil to fire ", " like rolling cheese in butter ", " nonsense in lean butter ", in the Kazakh language: " *kozin may basti* " - "his eyes are covered with oil," the phraseological meaning is "he is fat," "he was arrogant"; *Mayday jackets* - letters. "how the oil benefited," the phraseological meaning - "he liked it" - "he is flattered." Examples of this kind may suggest that idiocy is absolutely dominant in the

## **Раздел 6. «Экономика. Общеобразовательные и фундаментальные дисциплины»**

phraseological corpus of unrelated languages, and therefore serious problems can arise when using phraseological units in intercultural communication.

In reality, this is not entirely true, since universal factors in the semantics of various languages, such as the unity of the material world and the laws of its development, the commonality of the quantity and quality of sensory organs, the laws of idealization of sensory data, the logic of human thinking, the functions of language, are also relevant for the process of primary phraseologization etc. [2]. Fundamental sources and methods for creating a common moment in the phraseological foundation of unrelated languages include processes in the language such as borrowing phraseological units directly or indirectly from various languages, internationalizing phraseological units and, last but not least, the independent emergence of phraseological parallels in individual languages [3,4]. Moments of isomorphism in the semantics of phraseological units of unrelated languages are also detected through a comparative analysis of fragments of the picture of the world conceptualized using phraseological units of various languages, i.e. with the onomasiological approach to the study of phraseology. In the modern theory of phraseology, they speak in this connection of the phraseological picture of the world [5].

